



ТУРИСТЕР ТАҢДАҒАН ШАҺАР

6-БЕТ



ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ТАУМАН АҒА

10-БЕТ



Шетелде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

МЕГАПОЛИС



КӨШБАСШЫ ҚАЛА

Алматы шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жетекші орнын сақтап келеді

Шаһар шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту көрсеткіштері бойынша да еліміздегі жетекші өңірлердің бірі болып қала береді. Бүгінде мегаполис шағын және орта кәсіпкерлік өнімін өндіру көлемі бойынша елімізде көш бастап келеді. Сонымен қатар, сауда саласын дамыту және бизнесті қолдау шараларын іске асыру бағытында да бірінші орында тұр.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, 2026 жылы 1 шілдедегі жағдай бойынша қалада 362 345 белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. 2025 жылдың қорытындысында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі 306,2 млрд. теңге болып, алдыңғы жылмен салыстырғанда, 3,1%-ға өсті.

Кәсіпкерлік белсенділікті одан әрі дамыту мақсатында Алматыда бизнесті қолдаудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары іске асырылып жатыр. 2026 жылы жергілікті бюджеттен кәсіпкерлерге субсидия беру мен жеңілдетілген

несиелеуге 26 млрд. теңге бөлінді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында 304 жобаға қолдау көрсетіліп, жалпы сомасы 46 млрд. теңгенің несиесі берілді.

Қала экономикасының дамуына сауда саласы да қомақты үлес қосып келеді. Алматы республика бойынша сауда саласында да көш бастап тұр. Қала республикадағы жалпы сауда көлемінің 34%-ын қамтамасыз етеді. 2026 жылдың алғашқы алты айында сауда айналымы 12,3 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 5,3% артты.

Кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі бағыттарының бірі – шағын өнеркәсіптік парктерді дамыту. Бұл

тетік кәсіпкерлерге заманауи өндірістік инфрақұрылымға қол жеткізуге мүмкіндік беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Алматыда жалпы құны 53,1 млрд. теңге болатын 70 шағын өнеркәсіптік парк жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 6874 жаңа жұмыс орны құрылып, өндірістік мақсаттағы 430 мың шаршы метрден астам алаң пайдалануға беріледі.

Жаңа форматтағы өнеркәсіптік парктерде өндірістік цехтармен қатар кеңсе, көрме және сервистік аймақтар орналасады. Бұл машина жасау, тамақ, жиһаз, химия және құрылыс индустриясы кәсіпорындарының дамуына серпін береді.

Мамандардың айтуынша, кәсіпкерлікті қолдау мен өндірістік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бұл жобалар Алматының инвестициялық тартымдылығын күшейтіп, экономиканың тұрақты өсуіне жол ашады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘНІ

Саналы таңдау неден басталады?



Әр елдің даму деңгейі азаматтардың сайлауға қатысу белсенділігімен ғана өлшенбейді, оған қоса саяси мәдениеті де маңызды өлшем саналады. Ал сайлау дауыс беру ғана емес, әрбір азаматтың ел болашағына қатысты өз ұстанымын білдіру мүмкіндігі саналады. Сондықтан 23 тамызда өтетін алғашқы Құрылтай депутаттарын сайлау – еліміз үшін аса маңызды оқиға.

Қазіргі ақпарат ағыны күшейген кезеңде сайлау мәдениеті мен саяси науқан жаңа мазмұнға ие болды. Себебі, қазір сайлаушы тек дауыс беріп қоймай, түрлі ақпаратты тұтынады. Бұл жағдайда сайлаушы ақпараттың ақ-қарасын ажырата білуі аса маңызды бола түспек. Осылайша сайлау мәдениеті мен ақпараттық жауапкершілік бір-бірінен ажырамайтын ұғымдарға айналып отыр.

Қарапайым әрі ауқымды түсінік

Көпшілікке кең тараған түсінікте, сайлау мәдениеті тек сайлау күні учаскеге барып дауыс берумен байланыстырылады. Алайда, оның ауқымы біз ойлағаннан

әлдеқайда кең. Сайлау мәдениеті – азаматтың өз құқығын білуі, заң талаптарын сақтауы, өзге адамдардың таңдауына түсіністікпен қарауы және қоғамдағы пікірталасқа өркениетті түрде қатыса білуінен көрініс табады.

Саяси мәдениеті жоғары елде адамдар өз таңдауын эмоцияға емес, нақты деректерге, бағдарламаларға және ұлттық мүддеге сүйене отырып жасайды. Мұндай қоғамда әртүрлі пікір қалыпты құбылыс ретінде қабылданады. Пікір алуандығы қоғамның дамуына ықпал ететін факторға айналады.

Дамыған елдерде де сайлау нәтижесінің легитимдігі ең алдымен сайлау мәдениетіне байланысты бағаланады. Сарапшылардың пікірінше, саяси мәде-

ниеті жоғары қоғамда азаматтар үміткердің жеке тұлғасына ғана емес, оның бағдарламасына, кәсіби тәжірибесіне және қоғамға ұсынатын нақты шешімдеріне басымдық береді.

Дұрыс ақпарат – дұрыс таңдау

Сайлау науқаны кезінде азаматтар кең көлемді ақпаратпен танысады. Теледидар, интернет-басылымдар, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы түрлі пікірлер, сараптамалар мен хабарламалар таратылады. Осындай жағдайда әр азамат бірнеше қарапайым қағиданы есте ұстағаны жөн.

Біріншіден, кез келген ақпараттың қайдан алынғанына назар аудару қажет. Ресми органдардың мәліметі, заңнамалық құжаттар және сенімді бұқаралық ақпарат құралдары әрдайым негізгі ақпарат көзі болуы тиіс.

Екіншіден, әлеуметтік желілердегі кез келген жазба немесе бейнематериалды шындық ретінде қабылдауға болмайды. Кейбір материалдар эмоция тудыру немесе қоғамдық пікірге ықпал ету мақсатында жариялануы мүмкін.

Үшіншіден, бірнеше дереккөзді салыстыру әдетін қалыптастыру қажет. Бұл ақпараттың объективтілігін бағалауға көмектеседі.

Цифрлық технологиялардың дамуы ақпарат тарату мүмкіндігін бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізді. Бір ғана жазба немесе бейне бірнеше минуттың ішінде мыңдаған адамға таралуы мүмкін. Алайда, ақпаратты тарату еркіндігі оны тексермей бөлісуге болады дегенді білдірмейді.

Сайлау кезеңінде жалған ақпарат, ескі видеолар, өңделген фотосуреттер немесе контекстен жұлынып алынған мәліметтер қоғамда түсінбеушілік туғызуы мүмкін. Сондықтан әр азамат ақпаратты бөліспес бұрын оның шынайылығына көз жеткізуі қажет.

Медиасауаттылықты дамыту үдерісі әлемнің көптеген елінде жүруде. Мысалы, Финляндияда мектептен бастап медиа-сауаттылықты оқытады. Оқушылар ақпаратты тексеруді, жалған жаңалықтарды

анықтауды үйренеді. Сондықтан сайлау кезінде фейк ақпараттың ықпалы төмен болады. Ал Германияда азаматтық және саяси білім беру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып саналады. Арнайы қорлар мен қоғамдық ұйымдар халыққа сайлау жүйесін, Конституцияны және азаматтық құқықтарды тұрақты түрде түсіндіреді.

Жапонияда сайлау күні ғана емес, бүкіл науқан кезінде қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын сақтау саяси мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде қабылданады. Заңды бұзу қоғамдық беделге нұқсан келтіретін әрекет ретінде бағаланады.

Қазақстанда да мұндай үдеріс кезеңімен жүзеге асуда. Президенттің «Заң мен Тәртіп» қағидаты Жаңа Конституцияда бекітілді. Бұл саяси үдеріс болып саналатын сайлау науқынына да қатысты қағидат. «Заң мен Тәртіп» қағидатын қоғам қабылдауы арқылы сайлау мәдениеті қалыптасады.

Азаматтық жауапкершілік аса маңызды

Сайлау белгілі бір күнмен шектелетін науқан емес. Ол азаматтардың құқықтық сауаттылығының, жауапкершілігінің және саяси мәдениетінің көрінісі. Қазіргі циярлы заманда оның маңыздылығы артуда. Себебі, сайлау мәдениеті мен ақпараттық жауапкершілік бір-бірінен ажырамайтын ұғымдарға айналып отыр.

Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, ақпаратқа сыни көзбен қарап, пікірталасқа жауапкершілікпен қатысқан жағдайда ғана сайлау мәдениеті нығайып, азаматтық қоғам дамиды. Өйткені, мемлекеттің болашағы тек мемлекеттік институттарға ғана емес, қоғамдағы әрбір адамның жауапты ұстанымына да байланысты.

Қоғамда әртүрлі пікірдің болуы қалыпты құбылыс. Әр азаматтың өз таңдауы мен ұстанымының болуы заңды. Ол Ата Заңымызда бекітілген. Жаңа Конституциямыздың 6-бап, бірінші тармақшасында «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады» деп жазылған. Алайда, пікірталас заң аясында, өзара сыйластық негізінде жүргізілуі керек. Өркениетті қоғамның ерекшелігі де осында. Бұл, әсіресе, саяси және азаматтық белсенділігі жоғары Алматы қаласына қажет.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
Коллаж: ЖИ.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҮЙРЕТЕДІ

ACT Creative Tech Week мамандардың басын қосты

Мұхамеджан Тынышбаев атындағы ALT University қабырғасында ACT Creative Tech Week 2026 салтанатты түрде ашылды. Жиынға Корея Республикасының Алматыдағы Бас консулы Ха Тэ Ук, Алматы туризм бюросы, шетелдік білім беру және технологиялық компаниялардың өкілдері, сондай-ақ жасанды интеллект пен креативті индустрия саласының мамандары қатысты.

Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылып отырған ACT Creative Tech Week 26 шілдеге дейін жалғасады. Бұл жоба қатысушыларды әлемдік креативті және технологиялық салаларда қолданылып жүрген озық шешімдермен таныстырады. Олардың қатарында вебтундар (цифрлық комикстер) өндірісі, кинода жасанды интеллектіні пайдалану, цифрлық зауыттарды құру және код жазбай бағдарламалар жасау бағыттары бар.

Корея Республикасының Алматыдағы Бас консулы Ха Тэ Ук өз сөзінде мұндай бастамалардың екі ел арасындағы байланысты артыратынын атап өтті.

– Корея Республикасынан келген жасанды интеллект, Smart Factory, No-Code технологиялары және вебтундарды қам-



титын цифрлық контент салаларының жетекші мамандары өз тәжірибелері мен білімдерін Қазақстанның дарынды жастарына ұсынады. Бұл бастама екі ел арасындағы білім беру және технологиялық ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосатынына сенімдімін. 1992 жылы дипломатиялық қатынастар орнағаннан бері Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық тұрақты түрде дамып, стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді, – деді Ха Тэ Ук. Консул бүгінде Қазақстан – Кореяның

Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі екенін айтты. Оның сөзінше, екіжақты сауда көлемі, шамамен, 6 миллиард АҚШ долларына жетіп, екі ел азаматтарының өзара сапарларының саны жыл сайын 110 мыңнан асқан.

М.Тынышбаев атындағы ALT университеті директорлар кеңесінің төрағасы Арслан Серіктегі оқу орны мен корейлық ұйымдардың өзара байланысы екі жаққа да тиімді екенін айтты.

– Өзара сенім мен құрметтің арқасында Қазақстан мен Корея адам капиталын

дамытуға және халықтарымыз арасындағы гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірлескен жобаларды табысты жүзеге асыруда. Кейінгі жылдары университет Корея Республикасының жетекші білім беру және ғылыми ұйымдарымен халықаралық серіктестікті дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, Korea National Transport University оқу орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ал 2026 жылдың 3 наурызында ALT Университеті базасында Креативті академия құру туралы меморандум жасалды, – деді ол.

Іс-шара барысында Оңтүстік корейлық компаниялар мен білім беру ұйымдарының мамандары өздерінің әзірлемелері мен кәсіби тәсілдерін таныстырды. Одан кейін ALT Университеті мен Корея Республикасының жетекші ұйымдары – YLAB Academy, Yumong Co., Ltd. және Smart Maker Platform арасында ынтымақтастық туралы жаңа меморандумдарға қол қойылды. Бұл келісімдер бірлескен білім беру бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерді және озық технологияларды енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашпақ.

Еске салайық, Academy of Creative Technologies (ACT) – 2026 жылдың мамыр айында ALT University базасында құрылған халықаралық білім беру платформасы. Оның басты міндеті – өзекті салалық сараптама және тәжірибеге бағытталған оқытуға жол ашып, ЖИ, ақпараттық технологиялар және креативті индустрия бағытындағы мамандарды даярлау.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы әкімдігінде мегаполистегі тұрғын үй қорының жай-күйі және басқару органдарының қызметі мәселелері бойынша жиын өтті. Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Алмасхан Сматлаев басқару органдары өкілдерімен кездесу өткізді.

Жиында негізгі төрт мәселеге назар аударылды. Олар: ПИК/МИБ (Пәтер иелерінің кооперативі / Мүлік иелерінің бірлестігі) құқықтары мен міндеттері, тұрғын үй қорын басқару саласындағы түйткілді мәселелер, көппәтерлі тұрғын үйлердің өрт қауіпсіздігі жағдайы және басқару органдарының қызметі.

Кездесу барысында Алматы қалалық ПИК бірлестігінің басшысы Аркадий Рубцовқа басқару субъектілерін оқыту және олардың біліктілігін тану тақырыбына тоқталды. Ал «Тұран» пәтер иелері кооперативтерінің басшысы Бибігүл Жүнісбаева тұрғын үй қорын басқару саласындағы түйткілді мәселелер тақырыбында баяндама жасады. Одан кейін сөз кезегі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Дамир Ермағамбетовке берілді. Оның айтуынша, Алматыдағы көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің ішінен 1490 тұрғын үйде өрт қауіптілігі жоғары деп танылған. Бұл – биіктігі 28 метрден асатын ғимараттар.

– Негізгі жиі қайталанатын бұзушылықтар – өртке қарсы автоматты сигналдың, түтінді жою жүйесінің болмауы, өрт крандарының толық жинақталмауы немесе мүлдем жоқтығы, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болмауы және эвакуациялау жолдарында тез тұтанғыш материалдарды жинап қою. Бұл мәселелердің барлығы соңғы 10 жыл ішінде мемлекеттік өрт бақылауы және қадағалау органдарының ғимараттарды пайдалануға қабылдауға, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қатыспауынан және өрт сараптамасының жүргізілмеуінен жинақталып қалды. Соның салдарынан осындай кемшіліктерге жол берілді, – деді ТЖД басшысы.



ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

2,5 мыңнан астам орын ұсынылды

«Almaty Arena» кешенінде жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Қала әкімдігі мен Жұмыспен қамту басқармасының қолдауымен Еңбек мобильділігі орталығы ұйымдастырған бұл іс-шараға қала тұрғындары қызығушылық танытты.

Жұмыс іздеушілер легі толастамай, кешен іші адамға толы болды. Сонымен қатар, іс-шара концерттік форматта ұйымдастырылып, сахнада өнерпаздар ән шырқап, келушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Мұндай формат ресми іс-шараны еркін әрі тартымды етіп, келушілердің белсенділігін арттырды.

Жәрмеңкеге экономиканың әртүрлі салаларынан жүзден астам жұмыс беруші келіп, 400-ге жуық вакансия бойынша екі мыңнан астам жұмыс орнын ұсынды. Жұмыс іздеген алматылықтар олармен жүзбе-жүз сөйлесіп, еңбекақы мөлшері, жұмыс тәртібі, әлеуметтік кепілдіктер, кәсіби даму мүмкіндіктері туралы толық, нақты ақпарат алды.

Алматы қаласының Мансап орталығы

жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл секторының басшысы Айсұлу Ботаеваның айтуынша, мұндай жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер арасында тиімді байланыс орнату.

– Бұл алаңда азаматтар өз мамандығына сәйкес бос жұмыс орындарымен танысып, жұмыс берушілермен бетпе-бет сұхбаттасып, жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Ал жұмыс берушілер өздеріне қажетті білікті мамандарды іріктеді. Жәрмеңкеге жұмыс іздеп жүрген барлық азамат қатыса алды. Оның ішінде жастар, жоғары және арнаулы оқу орындарының түлектері, жұмыссыз азаматтар, еңбек қызметін қайта бастағысы келетін тұрғындар және жұмыс орнын ауыстырғысы кел-

ТҰРҒЫН ҮЙ ТҮЙТКІЛДЕРІ

Қала басшысының бірінші орынбасары Алмасхан Сматлаев басқару органдары өкілдерімен кездесу өткізді



Ол 2026 жылдың 5 ақпанынан бастап мемлекеттік өрт бақылауы қайтадан нормаға енгізілгенін атап өтті. Енді объектілерді пайдалануға беру, сараптамадан өткізу кезінде өрт инспекторы құрылыс кезеңінде де, мемлекеттік қабылдау комиссиясының құрамында да қатысатын болады.

Дамир Ермағамбетовтың айтуынша, Алматыда жыл басынан бері тұрғын үйлерде 47 өрт оқиғасы тіркелді. Шығын көлемі 15 млн. теңгеден асқан.

– Өрттің шығуын тудыратын негізгі себептер – отты абайсыз пайдалану, электр жабдықтары мен электр сымдарының қысқаша тұйықталуы. Көпқабатты ғимараттардағы өрт қауіптілігі онда адамдардың көп болуымен, өрттің жоғары жылдамдықпен таралуымен, эвакуациялау жолдарының ұзақтығымен

және тұрғындарды эвакуациялауға арналған уақыттың аздығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты көпқабатты ғимараттарда көзделген өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің – дабыл жүйесінің, өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесінің ақаусыз жұмыс істеп тұруы – қауіпсіздіктің шешуші факторы, – деді ол.

Тұрғын үй торабындағы мәселелер бойынша Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Шархан Тұрсынбаев та баяндама жасады. Оның айтуынша, Алматы республика бойынша ең үлкен тұрғын үй қорына ие – бұл 2700 субъект басқаратын 10 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй.

– Осындай ауқымды жұмыс тек тиімді басқаруды ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік органдар, басқару органдары мен тұрғындар арасында тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді. 2025 жылы басқармаға 9 мыңнан астам өтініш түскен болса, 2026 жылы олардың саны 10 мыңнан асты. Бұл екі жайтты білдіреді: бір жағынан, тұрғындар өз құқықтарын белсенді қорғай бастады және үйлерді басқару сапасына жоғары талаптар қоюда. Екінші жағынан, бұл басқару органдарының жауапкершілігі мен көрсетілетін қызметтер сапасының төмендегенін көрсетеді, – деді ол.

Шархан Тұрсынбаев басқарма бақылау-қадағалау қызметін күшейткенін айтты. Былтыр 265 тексеріс жүргізілсе, биыл 500-ден астам тексеріс жоспарланған. Өтініштерді талдау қорытындысы және тексерістер нәтижесі бойынша мәселе жиі туындайтын басқару орган-

дарының тізімі қалыптастырылған. Қазір Тұрғын үй инспекциясының ерекше бақылауында 45 МИБ бар. Оның айтуынша, ең көп таралған бұзушылықтар – ортақ мүлікті тиісті дәрежеде күтіп-ұстамау, қаржылық есептілікті бұзу, тұрғын үйге қатысты құжаттарды бермеу, тұрғындармен жұмысты үйлестірудің жоқтығы, міндетті төлемдер бойынша берешекті өндіріп алу шараларын қолданбау, тұрғын үй инспекциясының нұсқамаларын орындамау.

– Біздің міндетіміз – айыппұл салу емес, заң бұзушылықтарды жою екенін айтқым келеді. Сондықтан түсіндіру жұмыстарына және берілген нұсқамалардың орындалуына ерекше назар аударамыз. Қажет болған жағдайда басқару органдарын ауыстыру және уақытша басқарушы компанияны тағайындау туралы мәселе көтеріледі, – деп түсіндірді басқарма басшысы.

Жиын соңында Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Алмасхан Сматлаев өкілетті органдарға тұрғындардың қауіпсіздігі, үйлерді тиісті деңгейде күтіп-ұстау және заңбұзушылықтардың алдын алуға қатысты бірнеше тапсырма берді. Атап айтқанда: көппәтерлі үйлердің жылыту маусымына сапалы дайындығын қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын алдын алу жұмыстарын күшейту, көппәтерлі тұрғын үйлердің жер төлесінде орналасқан коммерциялық нысандарға тексеру жүргізу, анықталған заңбұзушылықтарды жою және т.б.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



летін азаматтар үшін де бұл жақсы мүмкіндік болды, – деді ол.

Жәрмеңкеге келген студент Дана Сәрсенова да іс-шараның өзіне пайдалы болғанын айтты.


– Бүгін бірнеше жұмыс берушімен сөйлесіп, өзіме қолайлы бос жұмыс орындарымен таныстым. Түйіндемемді қалды-

рып, алдағы уақытта сұхбаттасуға келісіп қойдым. Осындай жәрмеңкелер студенттер үшін тәжірибе жинап, қосымша табыс табуға жақсы мүмкіндік деп ойлаймын, – деді ол.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

2026 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР–МАУСЫМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША



АЛМАТЫНЫҢ ҮЛЕСІ



ӘУЕ КӨЛІГІ



ТЕМІРЖОЛ



АВТОМОБИЛЬ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ КӨЛІК



САУДА МЕН КӨЛІК – дамудың басты драйверлері

26 шілде – Сауда қызметкерлері күні. Жыл сайын шілденің төртінші жексенбісінде аталып өтетін бұл кәсіби мереке ел экономикасының маңызды саласында еңбек етіп жүрген мамандардың қызметіне құрмет көрсетеді. Сауда саласының тұрақты дамуы тиімді логистика мен көлік инфрақұрылымына тікелей байланысты. Өйткені, тауардың өндірушіден тұтынушыға дер кезінде жетуі, кәсіпкерліктің дамуы, ішкі нарықтың тұрақтылығы – барлығы көлік жүйесінің тиімділігіне тәуелді.

Президенттің «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттерді шешу» атты Жолдауында көлік-логистика секторын дамыту стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындалды. Мемлекет басшысы еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру, цифрлық шешімдерді енгізу және заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру экономиканың жаңа өсу нүктесіне айналуы тиіс екенін атап өтті.

Биылғы жылдың алғашқы жартысында Экономист Айбар Олжайдың пікірінше, қазіргі экономикада көлік саласы тек қызмет көрсету бағыты емес, ол – барлық өндіріс пен сауданың тиімділігін айқындайтын негізгі фактор.

– Логистика қаншалықты тиімді болса, тауардың өзіндік құны да соншалықты төмен болады. Көлік шығыны азайған сайын кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігі артып, тұтынушы үшін баға тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынған инвестиция ұзақ мерзімде экономиканың барлық саласына мультипликативті әсер береді, – дейді сарапшы. Оның айтуынша, Алматының көлік-логистикадағы көшбасшылығы кездейсоқ емес. Қала халықаралық дәліздердің торабында орналасқан әрі еліміздің қаржы, сауда және іскерлік орталығы ретінде импорт пен экспорттың едәуір бөлігін қамтамасыз етеді.

Алматылық кәсіпкер, көтерме саудамен айналысатын Ермек Әбіловтің айтуынша, көлік жүйесінің тиімділігі бизнестің табысына тікелей әсер етеді.

–Бүгінде кәсіпкерлер үшін ең маңыздысы – тауарды уақытында жеткізу. Егер логистика дұрыс жолға қойылса, жеткізу мерзімі қысқарып, тасымал шығыны азаяды. Бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, сатып алушыға қолжетімді баға ұсынуға мүмкіндік береді. Алматы – еліміздің ең ірі сауда орталығы. Мұнда көлік инфрақұры-

лымы неғұрлым дамыған сайын кәсіпкерлердің мүмкіндігі де кеңейеді. Сондықтан жолдардың сапасы, қоғамдық көлік, теміржол және әуе қатынасының дамуы тек тұрғындарға емес, бизнеске де үлкен қолдау, – дейді кәсіпкер.

Алматының 2030 жылға дейінгі көлік қаңқасының мастер-жоспарында қоғамдық көлікті дамытуға, BRT және LRT жобаларын іске асыруға, жаңа жолайрықтар мен жолдарды салуға басымдық берілген. Мұндай жобалар көлік кептелісін азайтып қана қоймай, бизнес шығындарын қысқартып, еңбек өнімділігін арттыруға және инвестициялық тартымдылықты күшейтуге мүмкіндік береді.

Көлік жүйесінің тиімділігі – сауданың қарқыны, бизнестің бәсекеге қабілеттілігі және халықтың өмір сүру сапасымен тікелей байланысты. Сондықтан көлік-логистика саласын дамыту бүгінгі күннің ғана емес, ел экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты өсімін қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық міндет болып қала береді. Алматының бұл бағыттағы жоғары көрсеткіштері мегаполистің Қазақстанның ғана емес, Орталық Азиядағы жетекші көлік және логистикалық орталықтарының біріне айналып келе жатқанын дәлелдейді.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

1 қазанға дейін жылжымайтын мүлік иесі жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеуі қажет. Бұл салықты кімдер төлейді, оның мөлшері қалай есептеледі, заңда қандай жеңілдік қарастырылған және биылдан бастап қандай өзгеріс күшіне енгені туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасының жеке тұлғаларды әкімшілендіру мен жалпыға бірдей декларациялау бөлімінің басшысы Әсет Есенжігітов айтып берді.



Спикердің айтуынша, мүлік салығын пәтердің, тұрғын үйдің, саяжайдың, гараждың, автотұрақтың, қойма мен басқа да жылжымайтын мүлік нысанының меншік иесі төлейді. Салық меншік иесінің тұрғылықты жеріне қарамастан, жылжымайтын мүлік орналасқан жер бойынша есептеледі.

Салық мөлшері жылжымайтын мүлік түріне емес, оның бағалау құнына байланысты белгіленеді. Бағалау

құнын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы айқындайды. Есептеу барысында нысанның ауданы, бір шаршы метрдің базалық құны, физикалық және функционалдық тозу коэффициенттері, аймақтық коэффициент, айлық есептік көрсеткіштің өзгеруі мен басқа да көрсеткіші ескеріледі.

«Биылдан бастап салықты есептеу кезінде жаңа көрсеткіш – сән-салтанат коэффициенті енгізілді. Әдепкіде ол бірге тең, алайда кей жағдайда 50 пайыздан аспайтын мөлшерде ұлғайтылуы мүмкін. Сонымен қатар, құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысанына салық есептеу тәртібі өзгертілді», – деді Әсет Есенжігітов.

Спикер салықты есептеу үшін қолданылатын жылжымайтын мүліктің бағалау құны нарықтық бағадан едәуір төмен екенін атап өтті. Мысалы, «Самал» шағынауданындағы ауданы 150 шаршы метр болатын пәтердің бағалау құны шамамен, 17 миллион теңге болса, ал есептелген салық мөлшері шамамен, 34 мың теңге. «Ақсай» шағынауданындағы ауданы 76 шаршы метр болатын пәтердің бағалау құны шамамен 5,8 миллион теңге, ал салық мөлшері 4,5 мың теңге шамасында.

Мүлік салығын 2026 жылғы 1 қазанға дейін төлеу қажет. Есептелген салық сомасы екінші деңгейдегі

банкнің мобильді қосымшасында көрсетіледі, коммуналдық қызметтің төлем түбіртегіне енгізіледі. Оны аудандық мемлекеттік кірістер басқармасынан не 1414 нөмірі арқылы нақтылауға болады.

Әсет Есенжігітов мүлік салығына қатысты жеңілдік туралы да еске салды. Олар азаматтардың жекелеген санаттарына, атап айтқанда, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, жетім балаларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың біріне, көпбалалы аналардың жекелеген санаты мен салық кодексінде көзделген басқа да тұлғаларға беріледі. Алайда, бұл жеңілдік салықтан толық босатпайды. Олар заңда белгіленген мүлік құнының шегінде ғана қолданылады. Егер нысанның бағалау құны осы шектен асып кетсе, салық артық сомаға есептеледі.

Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, Алматыда жеке тұлғалардың меншігіндегі 772 372 жылжымайтын мүлік нысаны тіркелген. Олардың жиынтық бағалау құны 3,7 триллион теңгеден асады. Ал 2025 жылға есептелген мүлік салығының жалпы сомасы 4,8 миллиард теңге болған.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.



Тегін заңгерлік кеңес алды

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен мегаполис аудандарында тұрғындарға тегін заңгерлік кеңес беру жұмыстары жалғасуда. «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» жобасы аясында ұйымдастырылған кезекті қабылдау Жетісу ауданында өтті.

Аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының алдында өткен кездесуге тәжірибелі заңгерлер, адвокаттар, аудандық прокуратура және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысып, тұрғындардың құқықтық сауалдарына жауап берді. Қабылдау барысында азаматтар отбасылық құқық, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жер қатынастары, әлеуметтік қамсыздандыру, мүлктік даулар және өзге де мәселелер бойынша заңгерлік кеңес алды.



Заңгер-сарапшы Раушан Самудинованың айтуынша, мұндай кездесулер тұрғындарға өз мәселесін заң аясында шешудің тиімді жолдарын түсінуге мүмкіндік береді.

– Заң саласында отыз жылға жуық еңбек етіп келемін. Азаматтық құқық, отбасылық қатынастар, мүлік пен жер мәселелері бойынша кеңес беремін. Мәселен, бүгін тұрғындар медиация арқылы отбасылық дауды шешу, тұрғын үйге тіркелген азаматты есептен шығару және әлеуметтік тұрғын үй мәселелері бойынша жүгінді. Барлығына заң талаптарына сәйкес түсіндірме бердік, – дейді ол.

Іс-шараға қатысқан Жетісу аудандық прокуратурасының өкілі Жансерік Жеңісұлы да тұрғындардың құқықтық сауатын арттыруда мұндай қабылдаулардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Қабылдауға прокуратурадан екі маман қатысып отырмыз. Азаматтық-құқықтық және қылмыстық істер бойынша кеңес береміз. Аудан тұрғындарын алаңдататын мәселелер бізге жақсы таныс. Сондықтан мұндай ашық кездесулердің тұрақты ұйымдастырылғаны тиімді деп санаймын, – деді ол.

Алматы адвокаттар алқасының мүшесі Зарина Абракулова бұл жобаға мамыр айынан бері қатысып келе жатқанын айтты.

– Аптасына екі рет аудан тұрғындарымен кездесіп, тегін заңгерлік көмек көрсетеміз. Мұндай қабылдауларда азаматтар өздерін еркін сезініп, толғандырған сұрақтарын ашық қояды. Біз де әрбір тұрғынға кәсіби әрі жан-жақты кеңес беруге тырысамыз, – дейді адвокат.

Ашық форматта ұйымдастырылатын мұндай құқықтық қабылдаулар тұрғындардың заңнаманы тереңірек түсінуіне, құқықтық мәдениетін арттыруға және кез келген мәселені заң аясында шешуге деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарын орнықтырып, әділетті қоғам құруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

Нұрлан СҮЙІН.

«ТЕЛЕФОНДЫ АНАҢЫЗҒА БЕРІҢІЗШІ...»

Интернет алаяқтарының жаңа айласы

«Сәлеметсіз бе! Телефон тұтқасын анаңызға бере аласыз ба? Ол кісі ауруханаға келіп, анализ тапсыруы керек...». Белгісіз нөмірден қоңырау шалған әрі анасының аты-жөнін дәл атаған әйелдің сөзі алматылық тұрғын Азаматтың бойын дір еткізген.

– Анам бес жыл бұрын өмірден өткен, оның атын айтып, дәл бұлай хабарласу алаяқтардың ісі екенін бірден білдім. Білсем де, абдырап қалдым. Енді бір жағынан менің отбасыма қатысты ескі деректерді қалай алған деген ой қатты мазалай берді, – дейді қала тұрғыны.

Өкінішке орай, қазір мұндай жағдай көпшілігімізге таныс жағдай болып барады. Интернет алаяқтары бұрынғыдай күмәнді SMS немесе ұтыс туралы жалған хабарламамен ғана шектелмейді. Олар адамның жеке мәліметтерін алдын ала зерттеп, өздерін банк қызметкері, полиция өкілі, емхана маманы немесе мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырып, сенімге кіруге тырысады. Бірақ интернет алаяқтығының құрбаны тек ақшасынан айырылған адам ғана емес. Кей жағдайда азаматтардың банк шоттары қылмыстық схемалардың құралына айналып, олар өздері де күдікті ретінде жауап беруге мәжбүр болады.

Алматылық тұрғын Мәдина Рахымжанқызы да мұны өз басынан өткерген.

«Бір күні банк есепшотыма өзім танымайтын адамның ақшасы түскен. Артынша полиция хабарласып, бұл қаражат интернет алаяқтығының құрбаны болған азаматтан аударылғанын айтты. Мен ешкімнен ақша сұраған жоқпын, ешқандай жарнама жарияламадым. Кейін белгілі болғандай, алаяқтар менің банк картамның деректерін пайдаланып, ұрланған ақшаны менің есепшотыма өткізіп жіберген. Қазір өзімнің бұл іске қатысым жоқ екенін сотта дәлелдеуге мәжбүрмін», – дейді ол.


Мұндай жағдайлар кейінгі уақытта жиілеп барады. Киберқылмыскерлер өз ізін жасыру үшін бөтен адамдардың банк карталарын немесе есепшоттарын пайдаланады. Соның салдарынан жәбірленуші ғана емес, заңсыз ақша өткен шоттың иесі де ұзақ уақыт құқық қорғау органдарына түсініктеме беріп, өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге мәжбүр болады.

ЖИ алаяқтардың қаруына айналды



Қалалық ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Еркебұлан Қойшыбаев алаяқтардың бүгінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып жатқанын айтты. Оның сөзінше, қазір қылмыскерлер адамның дауысын бірнеше секундтық жазба арқылы көшіріп, туысының немесе басшысының атынан қоңырау шала алады. Сондай-ақ, deepfake-бейне, жалған бейнеқоңырау, автоматтандырылған чат-боттар, жаңа буын фишинг және жалған құжат жасау тәсілдері кеңінен қолданылып жүр.

«Жасанды интеллект алаяқтарға банктер немесе мемлекеттік органдар атынан сауатты хабарлама жазуға, адамның сеніміне кіруге және оның



● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚР Ішкі істер министрлігінің мәліметі:

- 2025 жылы елімізде 27 892 интернет алаяқтығы тіркелген.
 - Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 24 пайыз көп.
 - Алаяқтық қылмыстарының 61 пайызы интернет арқылы жасалады.
- Қалалық Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының мәліметі:
- 6 жылда интернет алаяқтығының саны екі есеге жуық өскен.
 - 2020 жылы 1677 дерек тіркелсе, 2025 жылы 2851-ге жеткен.
 - Жыл басынан бері 700-ден астам интернет алаяқтығы тіркелген, оның 300-ден астамы ашылған.
 - Қылмыстардан келген жалпы шығын 490,4 миллион теңге, оның 229,7 миллион теңгесі жәбірленушілерге қайтарылған;
 - Полиция банктермен және байланыс операторларымен бірлесіп, 45 миллион теңгеден астам қаржыны заңсыз аудармақ болған 42 әрекеттің жолын кескен.

жеке деректері мен ақшасын алдап алуға мүмкіндік беріп отыр», – дейді Еркебұлан Қойшыбаев.

Неліктен қарттар мен балалар жиі алданады?

Мамандардың айтуынша, егде жастағы адамдар ресми үнмен сөйлейтін адамдарға көбірек сенеді. Ал балалар интернеттегі ойындар мен әлеуметтік желілерде ұсынылатын «сыйлықтарға» қызығып, алаяқтардың құрбаны болуы мүмкін. Психолог Айжан Ержанованың пікірінше, алаяқтар ең алдымен адамның эмоциясына әсер етеді. Қорқыныш, асығыстық немесе қуаныш сезімі логикалық ойлауды әлсіретеді. Сондықтан олар «банк шотыңыз бұзылды», «туысыңыз жол апатына түсті», «сіз ұтыс ұтып алдыңыз» деген сияқты сценарийлерді қолданады.

Қалай қорғануға болады?

Киберполиция азаматтарға: – банк картасының нөмірін, CVV

кодын және SMS-кодтарды ешкімге бермеуді;

- күмәнді сілтемелерге өтпеуді;
- екі факторлы аутентификацияны қолдануды;
- белгісіз адамдардың өтінішімен ақша аудармауды;
- туысыңыз немесе басшыңыз атынан хабарласса да, ақпаратты басқа байланыс арнасы арқылы міндетті түрде тексеруді ұсынады.

– Қырағылық – басты қорғаныс. Интернет алаяқтарының мақсаты – тек ақшаны ұрлау емес. Олар азаматтардың атына несие рәсімдеуі, есепшоттарын заңсыз пайдалануы немесе өзгенің ұрланған қаражатын бөтен адамның шотына аударып, оны қылмыстық тізбекке араластыруы мүмкін. Сондықтан киберқауіпсіздік әрбір азаматтың қаржылық және құқықтық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселе. Бір ғана қоңырау немесе бір ғана сілтемеге басу адамды ақшасынан ғана емес, ұзаққа созылған сот дауына да алып келуі мүмкін.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТУРИСТЕР ТАҢДАҒАН ШАҒАР

Алматының халықаралық беделі артып келеді

– Көктөбеге аспалы жолмен көтерілмек болдым. Бірақ ұзын-сонар кезекті көрген соң жаяу жүруді таңдадым. Жол бойындағы табиғаттың сұлулығы, тау самалы, жоғарыдан ерекше көрінетін Алматының келбеті ұмытылмас әсер сыйлады. Меніңше, бұл – қаладағы ең көркем серуен бағыттарының бірі, – дейді Түркиядан келген турист Дамла Бахар.

Бүгінде Алматыға алғаш та- бан тіреген мыңдаған турист дәл осындай әсерде екенін жеткізеді. Бірі қарлы шыңдарға тамсанса, енді бірі жасыл желекке көмкерілген көшелерге, ал үшіншісі қаланың заманауи тынысына сүйсінеді. Кейінгі уақытта мегаполисіміз табиғатымен ғана емес, халықаралық талаптарға сай дамып келе жатқан туристік инфрақұрылымымен де шетелдік қонақтардың назарын аударып отыр.

Шаһарымыз Орталық Азиядағы жетекші туризм орталығына айналуы мақсат етіп келеді. Қалада халықаралық стандарттарға сай туристік инфрақұрылым қалыптастыру, көлік қолжетімділігін арттыру, қонақүй қорын ұлғайту, таулы аймақтарды абаттандыру және іскерлік туризмді дамыту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстардың барлығы туристер үшін қолайлы орта қалыптастырып қана қоймай, Алматының халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Бірыңғай экожүйе

Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова қалада іске асырылып жатқан негізгі жобалар мен алдағы жоспарларды таныстырды. Оның айтуынша, туризмді дамыту енді жекелеген бастамалармен емес, бірыңғай экожүйе қағидаты бойынша жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі кезде қалада туристер ең көп келетін орындарда орналасқан сегіз визит-орталық жұмыс істейді. Олар Омаров, Панфилов, Зенков, Байтұрсынов, Тимирязев көшелерінде, Достық даңғылында және «Медеу» спорт кешені аумағында орналасқан.

Бұл орталықтарда келушілер қаланың көрікті жерлері, экскурсия бағыттары, мәдени іс-шаралар, қоғамдық көлік, қонақүйлер мен туристік қызметтер туралы жан-жақты ақпарат ала алады. Дегенмен, алдағы уақытта олардың қызметі тек ақпарат берумен шектелмейді. Басқарма әлемнің туризм бойынша үздік қалаларының тәжірибесін негізге ала отырып, визит-орталықтарды толыққанды туристік сервистік орталықтарға айналдыруды жоспарлап отыр. Мұнда туристер бағыт таңдап қана қоймай, түрлі қызметті бір жерден алу мүмкіндігіне ие болады.

2026 жылдың алғашқы бес айында визит-орталықтарға 3604 адам жүгінген. Оның ішінде 2813-і – шетелдік туристер, ал 791-і – Қазақстан азаматтары. Бұл көрсеткіш Алматының халықаралық туристер үшін тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Саяхат әуежайдан басталады

Туризмнің дамуы инфрақұрылымға сүйенеді. Осыған байланысты Алматы халықаралық әуежайын кешенді жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2029 жылға дейінгі жаңғырту жоспарына сәйкес жобаға жалпы көлемі 362 миллион АҚШ долларын инвестиция салынады. Нәтижесінде әуежайдың өткізу қабілеті қазіргі 14 миллионнан 2030 жылы 19 миллион жолаушыға дейін өседі. Кейін бұл көрсеткіш 2040 жылы 26 миллионға, ал 2050 жылы 40 миллион адамға дейін жеткізілмек.

Алматының халықаралық авиациялық хаб ретіндегі рөлі де күшейіп келеді. Қазір әлемнің 53 қаласымен тікелей әуе қатынасын қамтамасыз етіп отыр. Биыл Шанхай, Ташкент, Пусан, Варша-



ва, Даламан, Ларнака және Ереван бағыттарына жаңа рейстер ашылды. Сонымен қатар, Самарқанд, Франкфурт және Сеул бағыттары қайта іске қосылды.

Жыл соңына дейін Измир бағыты ашылып, күзде Ханой – Алматы – Прага халықаралық бағыты іске қосылады. Бұл Қазақстанды бірден бірнеше жаңа туристік нарықпен байланыстырып, келушілер ағынын арттыруға мүмкіндік береді.

Осындай мүмкіндіктердің арқасында Алматыға келген түркиялық турист Өмір Қаған Гөкче табиғат пен қаланың ерекше үйлесіміне тәнті болғанын жасырмайды.



– Алматыдағы ауа ерекше таза. Жоғарыға көтерілген сайын сергектік сезімі арта түседі. Панорамалық көріністі тамашалап, кофеханада отырып кофе ішудің өзі ерекше әсер сыйлайды. Табиғатпен үндескен осындай қалалар өте сирек кездеседі. Сондықтан Алматыға міндетті түрде келуге кеңес беремін, – дейді ол.



Қонақүй саласына салынған инвестиция

Бүгінде Алматыда жалпы инвестиция көлемі 944,7 миллиард теңгеден асатын 81 жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында сегіз бес жұлдызды, тоғыз төрт жұлдызды қонақүй және басқа да орналастыру орындары бар.

2028 жылға дейін қаладағы қонақүй нөмірлерінің саны 12 мыңнан 18 мыңға дейін ұлғаяды. Шаһарда жаңа туризм кеңістігі де бой көтеруде. Соның бірі – Шығыс қақпалар ауданындағы 29 гектар аумақты қамтитын Almaty Promenade кешені. Мұнда 525 нөмірлі қонақүй кешендері, білім беру нысандары, демалыс орындары мен туристік канал салынады. Тағы бір ірі жоба – Almaty Water Garden. Оның бірінші кезеңі осы жылдың соңына дейін аяқталып, толық жоба 2027 жылы пайдалануға беріледі.

Алдағы уақытта қаламыздан қонақүй саласындағы халықаралық танымал брендтердің бірқатарын көретін боламыз. Айталық, Marriott, Hilton Garden Inn, Hilton Park Almaty, Radisson Blu Hotel Almaty Airport, Medeu Park Hotel, Hyatt Meliora, Curio Collection by Hilton және The Veil Hotel жобалары бар.

Таулы туризм жаңа деңгейге шығады

Ресейлік турист Виктория Ермакова да Алматының табиғаты мен тұрғындарының қонақжайлығын ерекше атады.

– Алматы мен күткеннен де әдемі қала екен. Жасыл көшелері, тауға жақын орналасуы, адамдардың ашық-жарқын мінезі ерекше әсер қалдырды. Қазақтың ұлттық тағамдарымен танысып, мәдениетін жақынырақ көрдім. Бұл қалаға тағы да келгім келеді, – дейді ол.

Расымен, оңтүстік астанамыздың басты артықшылықтарының бірі – табиғи ландшафттары. Сондықтан басқарма таулы туристік бағыттарды халықаралық стандарттарға сай дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Қазір Үлкен Алматы көліне апаратын 5,3 шақырымдық бағыт толық абаттандырылып жатыр. Мұнда



демалыс алаңдары, бақылау алаңдары, навигациялық жүйелер, ақпараттық тақталар мен қауіпсіздік элементтері орнатылады. Сонымен қатар, ұзындығы сегіз шақырым болатын жаңа «Жапон соқпағы» туристік маршруты салынады. Биыл жазда «Алма-Арасан» жаңа визит-орталығының құрылысы басталады. Бұл орталық туристерге сапалы қызмет көрсетіп, таулы аймақтарға түсетін экологиялық жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа даму моделі

Алматыда халықаралық көрмелер мен форумдарды өткізуге арналған жаңа көрме орталығын салу жоспарланып отыр. Жоба іске қосылғаннан кейін қалаға келетін іскер туристер саны айтарлықтай артып, алғашқы жылы қосымша 50 мың, ал бес жыл ішінде жыл сайын 200 мың турист қабылдау көзделген. Сарапшылар оның экономикалық тиімділігі 75 миллион АҚШ долларынан асатынын айтады.

Жаңа көрме орталығы туризмді дамытуға бағытталған кешенді стратегияның бір бөлігі болмақ. Визит-орталықтарды жаңғырту, әуежайды кеңейту, жаңа әуе бағыттарын ашу, қонақүй инфрақұрылымы мен туристік аймақтарды дамыту Алматының инвестициялық тартымдылығын арттырып, қаланы Орталық Азиядағы жетекші туристік әрі іскерлік орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Дана САДЫРҚАН.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БАҒАЛАУДЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ

«Мәселелер кезең-кезеңімен шешіліп келеді»

Журналистер арасында астарында мысқылы бар «Жақсы жаңалық – жаңалық емес» деген ескі тәмсіл бар. Сондықтан газет беттері мен ақпарат агенттіктерінің жаңалық таспалары көбіне оқыс оқиғалар, жанжалдар, жемқорлық, апаттар мен әшкерелеулер туралы хабарларға толы болады. Шынында, осындай ақпараттарға ғана сүйенсек, өмір тек проблемалардан ғана тұратындай әсер қалдырады. Алайда, шындық мүлде басқаша...

Соңғы күндері Алматыда әлеуметтік желіде қызу талқы тудырмаған, саяси күн тәртібіне шықпағанымен, жүздеген мың тұрғынның өмірін қауіпсіз әрі жайлы етуге ықпал ететін бірнеше маңызды оқиға болды.

Соның ең бастысы – сейсмикалық қауіпсіздікке қатысты жаңалық. Алматы ондаған жылдан бері ірі жер сілкінісі қауіпімен өмір сүріп келеді. Сондықтан жер сілкінісі туралы ерте хабарлау жүйесінің іс жүзінде толық аяқталуы ерекше мәнге ие. Жоспарланған 40 сейсмикалық станцияның 35-і іске қосылды. Әрине, бұл табиғат апатын тоқтата алмағанымен, апат кезінде ең қымбат нәрсе – уақытты ұтып береді. Кейде адам өмірін сақтап қалуға санаулы секундтың өзі жеткілікті.


Денсаулық сақтау саласында да жағымды жаңалықтар бар. Қаланың үш ауданында бір ауысымда 500 адам қа-

былдайтын заманауи емханалар салынып жатыр. Халқы жыл сайын өсіп келе жатқан мегаполис үшін бұл – жәй ғана жаңа ғимарат емес. Бұл кезектің азаюына, медициналық көмектің қолжетімді әрі тұрғындарға жақындай түсуіне мүмкіндік береді.

Күнделікті көзге бірден байқала бермейтін, бірақ аса маңызды өзгерістер де жалғасуда. Қаланың әр ауданында инженерлік инфрақұрылым жаңартылып жатыр. Батыс кәріз коллекторы салынып, коммуналдық желілер жөнделуде, тозған коммуникациялар ауыстырылуда. Мұндай жұмыстардың кезінде уақыттық қиындықтар да болады. Айталық, көшелер жабылып, көлік қозғалысы шектеледі, кей жерлерде су уақытша тоқтатылады. Дегенмен, қалалық шаруашылықты осындай күрделі жұмыстарсыз жаңғырту мүмкін емес.

Осы күндері Алматының Бас жоспарына енгізілетін өзгерістерді қоғамдық талқылау басталды. Көпшілік үшін мұндай құжаттар қызықсыз көрінуі мүмкін. Алайда, дәл бүгін қабылданатын шешімдер қаланың алдағы он-жиырма жылдағы келбетін айқындайды. Жаңа мектептер мен емханалар қайда салынады? Жолдар мен саябақтар қай жерде пайда болады? Қай аудандар бұрынғы қалпын сақтап, қайсысы түбегейлі өзгереді – мұның бәрі осы құжатта көрініс табады.

Әрине, алып қаланың өмірін тек жарқын бояумен ғана суреттеу дұрыс болмас. Алматы әлі де көлік кептелісінен толық арыла алған жоқ. Жаңа жолдар салынып, қоғамдық көлік жүйесі дамып жатқанымен, күн сайын мыңдаған тұрғын кептелісте уақыт жоғалтады. Саин көшесінде арнайы автобус жолағы енгізілгеннен кейін қозғалысты ұйымдастыру мәселесі де қоғамда түрлі пікір туғызды. Бірі мұны қоғамдық көлікті дамытудағы маңызды қадам деп бағаласа, енді бірі жол қозғалысын қиындатқан кезекті тәжірибе ретінде қабылдады. Қала құрылысына қатысты мәселелер де күн тәртібінен түс-



кен жоқ. Сәулетшілер мен қоғам белсенділері тығыз құрылыстың артуы, жасыл аймақтардың қысқаруы және инженерлік инфрақұрылымға түсетін жүктеменің көбеюіне алаңдаушылық білдіруде. Бұларды негізсіз алаңдау деуге келмейді. Алматы ұзақ жылдар бойы жүйесіз дамыды, сондықтан бұрынғы қателіктерді қайталауға жол бермеу маңызды. Мегаполис тұрғындарын толғандыратын тағы бір өзекті мәселе – экология. Желсіз күндері қаланы қайтадан қалың ыс басады. Экологиялық көлікке көшу мен зиянды шығарындыларды азайту туралы көп айтылғанымен, таза ауа әзірге толық шешілген мәселе емес.

Соған қарамастан, қаланың тек кемшіліктерін ғана көру әділдікке жатпайды. Алматы өмір сүріп жатыр, дамып келеді. Кеше ғана шешімі қиын көрінген мәселелер кезең-кезеңімен қолға алынуда. Әрине, барлық жұмыс бірден нәтижесін бермейді, барлық шешім мінсіз емес. Бірақ алға қарай қозғалыс бар. Қалалық биліктің жұмысын да дәл осылай артық мақтаусыз, орынсыз айыптаусыз бағалауға болатын шығар. Ең бастысы, бағалаудың басты өлшемі әдемі есептер мен даңғаз мәндемелерге емес, тұрғындардың өмірі шын мәнінде қауіпсіз, жайлырақ әрі қолайлырақ бола түсті ме дегенге қарауымыз керек. Соңғы күндердің өзі бір ақиқатты дәлелдейді – жақсы жаңалықтар да болады, әрі олар да жаман жаңалықтардан кем назар аудартпайды.

Бигелді ҒАБДУЛЛИН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Жетісу ауданының Ратушный көшесі бұл күні нағыз гүлбақшаға айналған. Шыны керек, бір кездері маңайын шаң басып, ауласына күл-қоқыс толып, бұралқы иттер қаптаған аумақ енді Жетісу ауданының ғана емес, күллі Алматының мақтанышы саналатын гүлзар баққа айналды. Осы көшенің бойына орналасқан барлық тұрғын үй кешендерінің ауласы көпшілік сүйсінетін демалыс орны болып қалыптасты. Нансаңыз, осы үгі іске бір ғана қарапайым тұрғын бастамашы болды. Ол сол көшенің тұрғыны – Владимир Стариков.

Осыдан бірнеше жыл бұрын қараусыз жатқан аумақта қазір гүлзарлар жайқалып, демалуға арналған орындықтар орнатылған. Ең қызығы, тек осы аулалардың ғана емес, қаланың тұрғындары да мұнда келіп, серуендеп, естелікке суретке түсіп жатады. Жайқалған көгал, көздің жауын алатын үлкен гүл бағы, қолдан жасалған сәндік бұйымдар мен иіліп өскен талдар аулаға ерекше көрік беріп тұр.

– Жап-жақсы аулалардың қараусыз күйде қалып, көз алдымызда тозып жатқанына менің де жаным ауыратын. Содан бір күні өзімнің ауламды жөндеуге кірісіп кеттім. Көктем келе, көшеттер отырғыздым. Түрлі гүлдер ектім. Ешкімнен қаржы да, көмек те күтпедім. Әрине, ауланы осындай күйге келтіру үшін көп еңбек еттім. Сосын көрші аулалардың тұрғындары да қарап қалмай, менен көмек сұрай бастады. Қолымнан келгенше көмек көр-



сеттім. Осылайша көшеміздегі барлық аулалар түрленіп шыға келді, – дейді Владимир Стариков.

Ауланы гүлдендірген соң, оны уақытылы суарып отыру керек. Ол үшін еңбекқор қария ауласына суару жүйесін орнатады. Бұл ретте ауланы суаруға ауызсу емес,

техникалық суды пайдаланып отырғанын жеткізді. Әрине, оны жасау үшін біраз қаражаты мен уақыты кетті. Сосын ауланы жарықтандыру үшін күн энергиясынан жарық алатын шамдар пайдаланды. Осылайша ауласын гүлзарға айналдырған қария көпке үлгі боп отыр.

Аула тұрғындары да қарияға қолдау көрсетіп, көктем келсе, көгалдандыруға кірісіп, гүлзарларын жасай бастайды. Көп жағдайда Владимир Павлович қаражатты үнемдеу үшін гүлдердің барлығын өзі өсіреді. Бұл күні Ратушныйдағы бұл аула қаладағы ең үлгілі аулалардың бірі саналады. Еңбекқор қарияның айтуынша, мұндай бастамаларға әкімдік те үнемі қолдау көрсетіп отыратын көрінеді.

Мұндай мүмкіндіктерді жүзеге асыруда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының да маңызы зор. Осы бағдарлама аясында тұрғындар өз аудандары мен аулаларын көркейтуге арналған жобаларын ұсына алады. Қоғамдық дауыс беру кезінде қолдау тапқан жобалардың талайы қазір жүзеге асып, тұрғындардың игілігіне қызмет етіп жатыр.

«Бұл бағдарламаға қатысудың еш қиындығы жоқ. Алдымен тұрғындар Ореп Алматы арқылы «Халық қатысатын бюджет» бөліміне кіріп, өтінім жолдайды. Сосын ол жобаны мәслихат мақұлдаса, аудан әкімдігіне жібереді. Абаттандыру жұмысының дені жергілікті бюджет есебінен атқарылып жатыр. Өтініш білдірген тұрғындарға аудан әкімдігі қашан да қолдау көрсетуге әзір», – дейді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖАЙҚАЛҒАН АУЛА, ЖАЙНАҒАН КӨШЕ

ОНКОЛОГИЯДАҒЫ көмектің заманауи тәсілдері

«**Р**ак» деген диагноз атауының өзі адамды кәдімгідей тіксіндіріп тастайды. ДДҰ мәліметінше, қатерлі ісік – әлемдегі өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі. Жаһанда жыл сайын осы аурумен 20 миллионнан астам адам тіркеліп, шамамен, 10 миллион тұрғын көз жұмады. Бұл үрдіс Қазақстанға да тән. Бүгінде елімізде

251 мыңнан астам онконауқас мамандардың динамикалық бақылауында тұр, ал жыл сайын 43 мыңнан аса адам бойынан осы кесел анықталып отырады. Алаңдатарлық жағдай. Осынау тақырыпты Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы Ербол БЕКМҰХАМБЕТОВПЕН тарқатқан едік.

– Ербол Жасұланұлы, елімізде қатерлі ісікпен есепте тұрғандардың жартысынан көбі еңбекке қабілетті жастағы азаматтар екен. Аурудың анықталу көрсеткішінің артуы немен байланысты?

– Ең алдымен, скринингтік бағдарламалардың кеңеюімен, диагностикалық мүмкіндіктердің жақсаруымен және қатерлі ісіктің ерте кезеңде анықталуымен байланысты.

Елімізде онкологиялық көмекті ұйымдастырудың жаңартылған стандарты енгізілуде. Жаңа жүйе алғаш рет иммуногистохимиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулерді жүргізудің бірыңғай мерзімдерін белгілейді. Бұл пациенттердің зерттеу нәтижелерін жылдамырақ алуына, ал дәрігерлердің емдеудің тиімді тактикасы туралы шешімді ертерек қабылдауына мүмкіндік береді.

Емдеудің оңтайлы тактикасын таңдау үшін қатерлі ісіктің бар-жоғын растау ғана жеткіліксіз. Ісіктің биологиялық ерекшеліктерін, молекулалық бейінін және заманауи емдеу әдістеріне сезімталдығын анықтау аса маңызды. Иммуногистохимиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулердің нәтижелері – таргеттік терапияны, иммунотерапияны және басқа да жоғары технологиялық емдеу әдістерін тағайындаудың негізі.

Жаңартылған стандартқа сәйкес, иммуногистохимиялық және иммуноцитохимиялық зерттеулердің орындалу мерзімі биоло-

гиялық материал зертханаға түскен күннен бастап екі аптадан аспауға тиіс. Дәл осындай мерзім молекулалық-генетикалық зерттеулердің басым бөлігі үшін де белгіленген. Ал күрделі клиникалық жағдайларда қолданылатын жаңа буын секвенирлеу (NGS) әдісімен жүргізілетін зерттеулердің ең ұзақ мерзімі екі ай.

Мұндағы маңызды жаңашылдықтардың бірі – диагностикалық үдерісті цифрландыру. Зерттеу нәтижелері міндетті түрде медициналық ақпараттық жүйеге енгізіліп, пациентті жіберген медициналық ұйымға автоматты түрде жолданатын болады. Бұл пациенттің емдеу маршрутының үздіксіздігін қамтамасыз етіп, ақпараттың жоғалуына жол бермейді және емдеуші дәрігерге клиникалық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Үшінші деңгейдегі патоморфологиялық зертханалардың функциялары да едәуір кеңейтіледі. Олар күрделі диагностикалық жағдайларға сараптамалық бағалау жүргізіп, иммуногистохимиялық және иммуноцитохимиялық зерттеулердің нәтижелерін қайта интерпретациялайды, сондай-ақ еліміздің жетекші мамандарымен телемедициналық консультациялар мүмкіндігін пайдаланады. Бұл тәсіл пациенттің қай өңірде тұратынына қарамастан бірыңғай диагностикалық стандарттарды қамтамасыз етіп, патоморфологиялық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

– Денсаулық сақтау саласындағы маңызды шешім–

дердің бірі – онкологиялық скринингтердің Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне енгізілуі. Осы жөнінде толығырақ айтып берсеңіз. Мұндағы артықшылық неде?

– Онкологиялық скринингтердің аталған пакетке енгізілгенінің нәтижесінде бұрын Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған 300 мыңнан астам қазақстандық қатерлі ісіктерді ерте анықтауға бағытталған профилактикалық тексерулерден тегін өту мүмкіндігіне ие болды. Мәселен, жыл басынан бері скринингтік бағдарламалармен 2,4 миллионнан астам адам қамтылды. Профилактикалық тексерулердің қамту ауқымының кеңеюі және диагностикалық мүмкіндіктердің жетілдірілуі онкологиялық ауруларды емдеудің тиімділігі жоғары болатын ерте сатыларда анықтау көрсеткішінің артуына ықпал етуде.

Мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы саясаты профилактикаға басымдық беруді жүйелі түрде күшейтіп келеді. Онкологиялық ауруларды ерте анықтау – емнің тиімді болуының, пациенттердің өмір сүру сапасын сақтап, олардың қалыпты өмірге оралуының басты кепілі. Ерте диагностикалау жүйесін дамыту – 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі Кешенді жоспардың негізгі бағыттарының бірі. Құжатта профилактика мен скринингтік тексерулерден бастап жоғары



технологиялық емдеуге, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге және диспансерлік бақылауға дейінгі онкологиялық көмектің барлық кезеңдерін жетілдіру көзделген.

– Әрбір диагностикалық зерттеудің артында диагнозының нақтыланып, емнің басталуын күтетін нақты пациент тұр. Ал осынау қатерлі кеселге шалдықпау жолы қандай, осы тұрғыда қандай кеңес берер едіңіз?

– Темекіден, алкогольді шамадан тыс тұтынудан бас тартқан жөн. Дұрыс тамақтану да, үнемі қимыл-қозғалыста болып, дене салмағын қалыпты деңгейде ұстау да аурудың алдын алады. Сондай-ақ, адам папилломасы вирусына және В вирусты гепатитіне қарсы вакцина алу, теріні ультракүлгін сәуленің шамадан тыс әсерінен қорғау, сондай-ақ профилактикалық тексерулер мен скринингтік зерттеулерден жүйелі түрде өтіп тұру да аса маңызды.

Денсаулық сақтау министрлігі профилактикалық жұмыстарға ерекше мән береді. Мәселен, еліміздің барлық өңірінде ай сайын «Ашық есік» күні өтіп тұрады. Онда әрбір тұрғын жолдамасыз онкологтың тегін кеңесін алып, көрсетілім болған жағдайда қажетті тексерулерден өте алады. Ауру неғұрлым ерте анықталса, емнің нәтижелі болуы мен па-

циенттің өмір сүру сапасын сақтап қалу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Жүргізіліп жатқан осындай жұмыстар нақты нәтижелерін беруде. 2025 жылдың қорытындысында онкологиялық ауруларды ерте сатыда анықтау көрсеткіші 34%-дан асты. Сәулелік терапияның қолжетімділігі 65%-ға жетті. Пациенттердің бес жылдық өмір сүру көрсеткіші 65%-ға дейін өсті. Ал кейінгі бес жылда қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім 14%-ға төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 62 жағдайды құрады.

Осы орайда айта кететін тағы бір маңызды жаңалық – келер жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің жаңа нормалары күшіне енеді. Жұмыс берушілер қызметкерлерге жұмыс орны мен орташа жалақысын сақтай отырып, скринингтік тексерулерден өту үшін демалыс беруге және профилактикалық тексерулерден өтуіне жағдай жасауға міндетті болады. Бұл халықтың скринингтік бағдарламалармен қамтылуын арттырып, онкологиялық және басқа да әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтауға ықпал ететіні сөзсіз.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Әңгімелескен Нұржамал ӘЛІШ.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

Орталық Азия бойынша алғаш рет Алматыда таныстырылды

Қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында Қазақстанға алғаш рет әкелінген NEUROLITH (Storz Medical, Швейцария) аппараты таныстырылды. Бұл – Альцгеймер ауруын емдеуге арналған инновациялық технология. Айтулы оқиға. Себебі, Орталық Азия бойынша алғаш рет бізге жеткізіліп отыр.

NEUROLITH – Transcranial Pulse Stimulation (TPS) технологиясына негізделген заманауи жүйе. Бұл – ми тініне қысқа акустикалық импульстар арқылы әсер ететін, хирургиялық араласуды қажет етпейтін инвазивті емес әдіс. Технология мидың белгілі бір аймақтарына дәл әсер етуге мүмкіндік береді. Қазір бұл тәсіл Альцгеймер ауруы мен өзге де нейродегенеративті дертке қатысты ғылыми зерттеулерде зерделеніп, бірқатар шетелдік меди-

циналық орталықтың клиникалық тәжірибесінде қолданылып жүр.

Іс-шара барысында өндіруші компанияның халықаралық сарапшысы Себастьян Мюллер (Sebastian Mueller) дәріс оқып, құрылғының жұмыс істеу қағидатымен және Transcranial Pulse Stimulation (TPS) технологиясының ерекшеліктерімен таныстырды. Оның айтуынша, TPS-тің кәдімгі ультрадыбыстан айырмашылығы, бұл әдіс ми тіндерін айтарлықтай қыздырмайды және мидің 8 сантиметрге дейінгі тереңдіктегі құрылымдарына әсер етуге мүмкіндік береді. Процедура барысында BodyTrack навигациялық жүйесі пациенттің магниттік-резонанстық томографиясы (MPT) деректері негізінде аппликатордың орналасуын нақты уақыт режимінде бақылап отырады.

Аталған аппарат әлемнің 53 елінде орнатылған. TPS технологиясы арқылы бүгінгі



күнге дейін 20,5 мыңнан астам пациент ем алған, ал жүргізілген процедуралар саны 260 мыңнан асқан.

«Қазақстан мен Орталық Азияда алғаш рет таныстырылып отырған бұл технология халықаралық тәжірибені игеруге және жоғары технологиялы медициналық көмекті дамытуға жол ашады. Мұндай кәсіби ынтымақтастық дәрігерлердің біліктілігін арттыруға, заманауи тәсілдерді меңгеруге және меди-

циналық көмектің сапасын жақсартуға ықпал етеді», – деді қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы директорының орынбасары Ермек Желдібаев.

Заманауи аппаратты таныстыру барысында аурухананың неврология бөлімінде Альцгеймер ауруы және үдемелі тамырлық лейкоэнцефалопатия диагнозымен емделіп жатқан 77 жастағы науқасқа арнаулы сеанс өткізілді. Ол кейінгі үш жыл бойы психиатрдың бақылауында тұр, есте сақтау қабілеті төмен. Дәрігерлердің айтуынша, процедура ешқандай асқынусыз өтті. Емдеу барысында пациенттің жағдайы тұрақты болды.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.



«ҚАЙРАТ» ҚАЙТАДАН КӨШ БАСТАДЫ

Орталық стадионда ел чемпионатының үздіктері кездесті

Еліміздің оңтүстік астанасында чемпиондық таластың тағдырына әсер ететін маңызды матч өтті. «Қайрат» өз алаңында «Ордабасыны» қабылдады. Турнирлік кестеде бірінші орында тұрған Шымкент командасы үшін бұл басты қарсыласымен ұпай айырмасын көбейтіп, өз басымдылығын көрсететін үлкен мүмкіндік болды. Ал алматылықтар бұған дейінгі жеңілістің есесін қайтарып, кестедегі көшбасшылықты қайтаруға ұмтылды. Еске салайық, биыл сырта алаңда өткен ойында «Қайрат» шымкенттіктерге 2:1 есебімен жеңілген болатын. Ел біріншілігіндегі үздік командалардың кездесуі жанкүйерлер арасында да ерекше қызығушылық тудырды. Матч алдында барлық билеттер толық сатылып кетті.

Лық толы стадиондағы кездесу көпшілік күткендей жоғары деңгейде өтіп, соңғы минуттарға дейін көрермен назарын өзінде ұстады. Алғашқы минуттардағы тартыс барысында «Қайрат» ойыншысы Жоржиньо жарақат алып, оның орнына финляндиялық Ойва Юккола шықты. «Ордабасы» ойынды өз бақылауына алуға тырысты. Алайда, алаң қожайындары өз мүмкіндіктерін таба білді. Жылдам шабуылдардың бірінде Луиш Мата қапталдан әуелете пас беріп, допты баспен қақпаға дәл бағыттаған Марк Гуаль 14 минутта есеп ашты. Өткен айда алматылық командаға қосылған испаниялық шабуылшы 7 ойында 4 гол соғып, 2 нәтижелі пас беріп үлгерді. Бұл голдан кейін екі тараптан да шабуылдар тоқтаған жоқ. Бірақ бірінші таймның соңына дейін ойынды толықтай өз иелігіне алған команда болмады. Гуаль голынан бөлек кездесудің бірінші жартысының ең басты сәттерінің бірі – «Қайрат» жанкүйерлерінің перформансы болды. Олар ультрас топтары үшін дәстүрлі 51 секторда «Тарихы таудан биік» деген жазуы бар ілбіс бейнеленген баннерді жайды.

Ал екінші тайм негізінен «Ордабасы» басымдылығымен өтті. Әсіресе, 70-минуттан бастап сары-қара жеңделі алматылықтар қорғанысқа көбірек көңіл бөлді: алаңға жартылай қорғаушы Олжас Байбек, қорғаушылар – Лев Кургин, Алек-

сандр Ширококов бір мезетте шықты. Шымкенттен келген ойыншылар барын салып, бірнеше қауіпті соққы жасады. Бірақ капитан Мартынович пен қақпашы Анарбеков шеберлігі алаң қожайындарының қақпасын бірнеше рет аман алып қалды. Сондай-ақ, «сен соқпасаң, саған гол соғады» деген жазылмаған футбол ережесін тағы бір рет дәлелдегендей, «Қайрат» қарымта шабуылдардың бірінде есепті еселеп кетті. Кургин сол қапталдан алаң ортасына сәтті пас берді. Допқа бірінші жетіп, ойланбастан жойқын соққы жасаған Юккола гол авторы атанды. Жеңіс уысынан сырғып бара жатқанын білген шымкенттіктер бар күшімен Анарбековтың қақпасына төнді. Негізгі уақытта бұл нәтиже бермесе де, қосымша уақытта Бьорн Йонсен есеп айырмасын қысқартты – 2:1. Десе де, «Ордабасы» Алматыдан ұпай алып кете алмады. Матч осы есепте «Қайраттың» пайдасына шешілді.

Өз алаңында жеңіске жеткен алматылықтар турнирлік кестеде 45 ұпаймен көш бастады. Шымкент командасы 43 ұпаймен екінші орынға түсті. Алайда, олардың өткізбеген бір ойыны бар. Егер ол матчта «Ордабасы» жеңіске жетсе, «Қайратты» бір ұпайға озуы мүмкін. Өзге командаларға тоқталсақ, 4:1 есебімен «Алтайды» жеңген «Астана» 32 ұпаймен үшінші орынға оралды. «Оқжетпестен» басым түскен «Ақтөбе» көкшетаулықтардан тур-



нирлік кестеде де жоғары шықты. Олар 31 ұпаймен төртінші орында тұр. Ал 30 ұпайы бар «Оқжетпес» бесінші орынға жайғасты.

«Қайрат» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин ойыннан кейін тығыз күнтізбеге қарамастан футболшылардың жанқиярлығы арқасында жеңіске жеткендерін атап өтті.

– Біз үшін ауыр ойын болды, қарсылас мықты. Жеңіл болмайтынын жақсы түсіндік. Ойыншыларға үлкен алғыс. Матч алдында айтылған тапсырмалардың көбін орындап шықты. Кестеміз өте тығыз – 14 күн ішінде 5 матч өткіздік, ұзақ сапарлар болды, 3 ойынды сырт алаңда өткіздік. Оның әсері бүгін байқалды. Гол соққаннан кейін біз есепті ұстауға тырысып, өзімізге тиімді басымдықты сақтап қалуға көбірек көңіл бөлдік. Жалпы жеңіске өте қуаныш-

тымыз, жігіттер жарады, бұл – олардың еңбегі. Енді тынығып алуға екі күніміз бар, содан кейін Чемпиондар лигасындағы қарымта ойынға дайындаламыз, – деді ол.

Айта кеткен жөн, 29 шілде күні «Қайрат» Орталық стадионда «Омонияны» қабылдайды. Кипрде өткен бірінші ойында алматылықтар 1:0 есебімен есе жіберді. Қарымта ойында Уразбахтин шәкірттері жеңіске жететін болса, УЕФА Чемпиондар лигасының үшінші іріктеу кезеңінде «Левски» (Болгария) – «Университатя Крайова» (Румыния) жұбының жеңімпазымен кездеседі. Еурододаның екінші іріктеу кезеңінде қарсыласына есе жіберсе, «Қайрат» Еуропа лигасы үшінші іріктеу кезеңінде «Мьельбю» (Швеция) – «Линкольн Ред Импс» (Гибралтар) жұбының жеңімпазымен ойнайды.

Азиадаға дайынбыз

Алматыда 2029 жылғы X қысқы Азия ойындарына дайындық аясында Азия Олимпиада кеңесі (АОК) делегациясының алғашқы инспекциялық сапары өтті.

Жұмыс бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті және Азия Олимпиада кеңесі өкілдерінің қатысуымен бірқатар жиын ұйымдастырылды. Кездесулер барысында спорттық инфрақұрылымды дайындау, жарыстарды ұйымдастыру және қабылдаушы тараптың міндеттемелерін орындау мәселелеріне баса назар аударылды.

Халықаралық сарапшылар Азия ойындары өтетін «Медеу» биік таулы спорт кешенін, «Шымбұлақ» таушаңғы курортын, «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндері кешенін, «Халық арена», «Алматы арена» және Балуан Шолақ атындағы спорт сарайын, сондай-ақ мұз ареналары мен басқа да спорт кешендерін аралап көрді.

Нысандарды аралау барысында олардың функционалдық дайындығы, инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту, логистика, жарысқа қатысушыларды орналастыру, техникалық аймақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ спорт нысандарының қысқы спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялардың талаптарына сәйкестігі талқыланды.

Сапар қорытындысы бойынша Азия Олимпиада кеңесінің өкілдері Алматы қаласының Азия ойындарына дайындығына оң баға берді. Сапар қорытындысы бойынша тараптар ұйымдастыру комитетін құру, бірыңғай жол картасын әзірлеу және жарыс бағдарламасын қалыптастыру бағытындағы бірлескен жұмысты жалғастыруға келісті.

– Алғашқы инспекциялық сапар Қазақстан мен Азия Олимпиада кеңесінің құрлықтағы ең ірі қысқы спорттық додаға дайындық жөніндегі бірлескен жұмысының маңызды кезеңі болды. Кездесу қорытындысында тараптар алдағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындап, келесі инспекциялық іс-шаралардың кестесін белгіледі, – деп хабарлады ҚР Туризм және спорт министрлігінің өкілдері.

Айта кеткен жөн, Алматы 2026 жылдың 5 ақпанында X қысқы Азия ойындарын өткізу құқығына ресми түрде ие болды. Ұйымдастырушы қала туралы келісімшартқа Милан қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин мен Азия Олимпиада кеңесінің президенті шейх Джоан бин Хамад Әл Тани қол қойды.

FIBA ASIA CUP

жолдамасы сарапқа салынады

Мегаполис басты баскетбол мокиғаларының бірін қабылдауға дайындалып жатыр.


26–31 тамыз аралығында Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайында FIBA Asia Cup 2029 турниріне алдын ала іріктеу кезеңі өтеді. Онда Азияның үздік құрамалары FIBA Азия Кубогына жолдама алу құқығы үшін күреседі. Жалпы баскетболдан Азия біріншілігінің алдын ала іріктеуіне 18 елдің құрамалары қатысады. Оның ішінде А және В топтарына 5 командадан, С және D топтарына 4 командадан бөлінген. В тобына енген қазақстандық спортшыларға қарсы Қырғызстан, Палестина, Шри-Ланка және Мальдив аралдарының спортшылары бақ сынайды. Аталған құрамалардың барлығы Алматыға келеді.

– Қазақстан құрамасы үшін бұл турнирдің ерекше маңызы бар. Үйде ойнау – үлкен жауапкершілік әрі артықшылық, ал өз трибуналарыңның қолдауы командаға қажетті нәтижеге жетуге көмектесетін факторға айналуы мүмкін. 6 күн бойы Алматы үздік баскетболшылардың кездесетін орнына, жарқын қарсыласулар мен нағыз спорттық эмоциялардың мекеніне айналады. Жанкүйерлерді қызу матчтар, көрікті шоу-бағдарлама, конкурстар мен халықаралық турнир атмосферасы күтіп тұр, – деді Алматы қаласы Спорт басқармасының өкілдері.



Еске салайық, баскетболдан еліміздің ұлттық құрамасы 15 тамызда оқу-жаттығу жиынын бастайды. Спортшылар Алматыда дайындықтан өтіп, 26–31 тамызда FIBA Asia Cup 2029 іріктеуіне қатысады. Ал 6 қыркүйекте ұлттық құрама Жапонияның Нагоя қаласына аттанады. Онда баскетболшылар жазғы Азия ойындарында ел намысын қорғайды.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ТАУМАН АҒА

Біз үшін аға буын журналист Тауман Төреханов – өңір баспасөз саласына бересен еңбек еткен, өзі ғажап адам еді. Елуінші жылдарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін журналистика мамандығы бойынша бітірген. Сол қара шаңырақта ұлы Әуезовтен сабақ алған еді. Кейін бір аудандық газетті отыз жыл басқарып, КСРО баспасөз үздігі, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атанды. Сол кездегі КСРО Журналистер одағының бірінші съезіне делегат болып, Қазақ КСР Журналистер одағының құрылтай жиынына қатысқан. Өзі ұлт-азаттық көтеріліс басшысы Есет батыр Көтібарұлының тікелей ұрпағы.

Баспасөзге жазылу ол кезде «саяси науқан» сынды мәселе болатын, бұқарлық ақпарат құралдарын оқуға міндетті еді. Сондықтан да әкем Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» газетінен бастап, республикадағы қазақша бүкіл газет-журналдарды жаздырады және өзінің техника туралы орысша журналдарын Мәскеуден алдырады. Әйтеуір, ол «қағазға» ақша аяған жоқ. Әуелі, аудандық газеттен бастаймын, себебі ол мен үшін өте жақын. Таныс адамдар туралы жазылады. Өз фамилиямды іздеймін, кейде, мақалаларым жарияланбай қалып жататын тұстар да болады. Ал газеттің ең соңғы бетінде «Редакторы Т.Төреханов» деп тұратын. Негізі, ауылда Н.Дияров, Ә.Ізбаев, Н.Жаналалин, М.Әбішев және мен сияқты төрт бес оқушы «тілші» бар. Сол сегізінші-оныншы сыныптарда аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі болдым. Жазатын тақырыптарым: мектеп туралы, кеңшардағы озат механизатор, тракторшы, шопыр, шопандар еді.

Біздер үшін оныншы сынып – аса жауапты кезек. Жаңа мамандықты таңдау, мемлекеттік емтихан тапсыру, шама келсе, әрі қарай – жоғары оқу орнына бару. Мен өзім түпкілікті журналист болам деп іштей шешіп қойғам. Бірақ бір кілтипан бар. Партияның кезі. 1973-1974 жылдарда Семей облысы Шұбартау ауданының комсомол-жастары «Екінші тың – қойға!», «Межеміз 50 миллион қой!» деген ұран бүкіл елді шарлап жатты. Шұбартаулықтардың тәжірбиесі бойынша, соңғы үш жылдан бері ауданда әр кеңшардан бір-екі топтан жасақтап келеді екен. Қойға бару «ерікті», бірақ екі-үш бригада құру «міндетті»...

Бірде үйдің артында орындықта отыр

едім. Әкем келді. Мен «шал-кемпірдің баласы» болған соң, көкем мені өмір бойы бір рет те шекемнен шертіп көрген жоқ еді.

– Ал сонымен, оқуға барасың ғой, ойланып болдың ба? – дейді әкем әріден бастап...

– Иә, солай шығар, көке!

– Ал анау шопандар бригадасының жағдайын білесің ғой. Райкомнан бұйрық келіпті – бастықтардың, бас мамандардың балалары қойға барсын, әйтпесе, жұмыстан немесе партия мүшелігінен шығарады, тіпті, әрбір отбасы бір бала беру керек дейді... Бірінші хатшының баласы да баратын көрінеді.

– Көке, түсіндім, бірақ мен қойға бармаймын.

– Ертең мектеп директоры Сағитжан ағаң, кеңшар директоры Нұрмұхамбет ағаң және басқа басшылар бар, үлкен мәжіліс болады. Сонда жақсы оқығандарды қойға үгіттейді. Бұл енді үкіметтің шаруасы ғой. Бастықтар айтыпты: «Иманбай жақсы оқиды, енді өз сыныптастарын бригадаға ертсін!» деп. Ал енді, өзің көр.

Ертеңге кеңшардың кеңсесіне бардым. Директор Нұрмұхамбет Мырзабаев ағамыз – іскер, беделді басшы еді. Ол кісі ауданда 29 жасында директор болған. Осындағы мен оқыған Қорғантау орта мектебін алтын медальмен бітірген жалғыз адам.

– Ал інім, қойға бар, екі жылдан кейін конкурстан да өтесің. Қалай?

– Ағай, менің барғым келмейді...

– Ойлан.

– Жоқ, аға, – директор түсін суытты:

– Онда, әкенді жұмыстан шығарамыз. Заң солай.

– Шығара беріңіз. Менің әкем – Жұ-

бай. Ол кісі қазір 80-де, өзі зейнетте. Ал сіз айтып отырған Құрекең (менің әкем ғой) менің ағам...

Үлкендер де, директор да күліп жіберді. Сөйтіп, қойдан қалдым, бірақ «уәде» бойынша, өзімнен кейінгі 1967 жылғы інім – Жасұлан екі жыл қойға баратын болды. Сөйтіп, қойдан аман қалып, Алматыға оқуға дайындалып жаттым. Құжаттарымды жинап, газет редакторы Тауман ағаға кірдім. Мақсатым – қалың дәптерге жапсырылған мақалаларыма қол қойып, мөр бастыру. Әдеттегідей, сабырлы қалпымен ағамыз дереу қол қойып, батасын берді.

Алматыға келдім-ау, бірақ бір мәселе туындады. Журналистика факультетіндегі қыздар құжаттарымды қарап шығып, бір қате тапты: «Ойбу, сенде газет редакторы қол қоятын мінездемең жоқ» деді. «Уақытың бар, шығармашылық конкурсқа дейін ауылыңа барып кел». Ол кезде жалғыз Алматы – Мәскеу пойызы бар. Онда өмірі билет болмайды. Не істеймін, жолсерікпен үшінші полкпен келістім. Есептеп жатырмын, екі тәулікпен Алматыға төртінші күнде келеді екенмін. Әуірімдеп Шалқарға да жеттім де, дереу Тауман ағаға келдім: «Осылай, жағдай болып тұр. Мінездеме керек». Ағай бірден жауапты хатшы Жанқабил Қабақбаевқа тапсырма берді. Бір сағатта құжат дайын болып, қайтадан вокзалға келсем, қырсыққанда, еш жолсерік алмай қойды. Жылап отырып, Шалқарда тағы бір күнге қалдым. Не керек, жетсем де, құжат тапсыратын уақыты бітіпті.

Сөйтіп, күндізгі бөлім бұйырмай, сырттай бөлімге тапсырдым. Оны бір жыл оқыдым да, келесі жылы күндізгі бөлімге қайтадан абыроймен түстім. Содан бері Тауман ағамызбен үнемі байланыста болдық. Журналистік шеберліктің құпиясын айтып отырды. Шынында да, ол мен үшін мектеп еді. Мамандығына адал болды, соңғы деміне дейін қаламын тастаған жоқ. Өмірден тік жүріп, таза өтті.

Иманбай ЖҰБАЙ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
«Парасат» орденінің иегері.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖИ ЖЕТЕКТЕГЕН ҒЫЛЫМ

Қазіргі ғылым – мемлекет айбары, елдің асқан кәлеуеті, озғын болмысы, экономикасы мен руханиятының басты тегершігі. Тіпті, ұлттық қауіпсіздік пен әрбір отбасының тұрмысын жақсартатын, сапасын айқындайтын геосаяси қару.

Шетелде дәріс берген бір профессорымыз бізге ғылым, ғылыми үрдістер жайлы жиі әңгімелейтін. Тоқсан соңындағы түйінді дәрісте ұстазымыз ерекше толғанған. Айрықша пікір айтқан. Орта бойлы, аққұба, жылы шырайлы ағайымыз дәрісін қорытып болды да әрбір шәкіртінің әлеуетіне, дегдар болмысына, мол потенциялына сенетінін жеткізді, болашағымызға сәттілік тіледі. Кейін мынандай бір қағиданы ғұмыр бойына жадыңызда тұтсаңыздар екен деп өтініп сұрады. «Есте сақтаңыздар, ардақты шәкірттерім! Ғылым қашан да адамгершілік қағидадарына негізделуге тиіс», – деді жеткірініп алып. Ұстазымның сол бір ұлағатты сөзі мәңгілікке санамда шегеленіп қалды.

Расында да, қазір қол телефоны «он үшінші мүшемізге» айналған. Жасанды интеллектісіз өмірімді елестетудің өзі қиынға соғып отыр, әлемнің аса ірі ғылыми орталықтары – инновацияшыл қалаларда ұшатын такси қызметі іске жегіліп жатыр. Мұның өзі бізге көрінген айдың бергі қатпары ғана. Бүгінгі әлемдегі ғылыми мәдениет жайлы тоқтаусыз жырлауға, мүлдем соны сипатта ой алысып, пікір бөлісуге болады.

Қаржы қалай құйылып жатыр?

Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) үлесі бойынша Израиль мен Оңтүстік Корея елдері алға шықты. Израиль өз бюджетінің 5,6%-дан астамын ғылымға бағыттап отыр. Корея да қалыспай, көрсеткішін 5,2%-ға жеткізген. Ал Еуроодақтың саясатына назар тіксеңіз, әлемдегі ғылымға деген көзқарастың бірыңғай емес екенін түйсінесіз. Мысалы, Еуропа елдері Америка мен Қытай секілді технология, жаратылыстану салаларын ғана емес, экология, этика ғылымын да қатар қаржыландырады. ЕО бойынша ғылымды дамытуға бөлінетін қаржы 2,24%–2,3% айналасында. Швеция, Бельгия және

Австрия сияқты елдерің көрсеткіші 3,4%-3,5%-ға жетсе, Оңтүстік және Шығыс Еуропа елдерінде көрсеткіш айтарлықтай төмен. Бірақ Еуропаның ежелден ғылымды қаржыландыруға, қолдауға деген ниеті түзу, қаржы құю механизмін айтарлықтай орталықтанған. Мәселен, Еуропада 95,5 миллиард бюджеті бар Horizon Europe деген бағдарлама жұмыс істеп тұр. Бағдарлама – адамзат тарихындағы ең ірі гранттық жоба. Еуропадағы European Research Council грантының да маңызы аса зор. Қаржылай қолдаудың арасында Еуропаның ғылыми инфрақұрылымды жүйелі түрде дамып отыр. Орталық іргелі ғылымға, ғылым әдемінде төңкеріс жасайтын «breakthrough» идеяларға миллиардтаған грант береді.

Мұның бәрі тегін емес. Қазір әлемде алпауыттар арасындағы көрінбейтін, мылтықсыз майдан – ғылыми бақталастық, ой бақастығы жүріп жатыр. Сөзіміздің нақ мысалын АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекеден-ақ байқауға болады. Аталған елдің әрқайсысы ғылымды дамыту мақсатында жыл сайын 780–800 миллиард долларға жуық қаржы шығындайды.

Ғылымды тек мемлекет қаржысы дамытады деген пікіріміздің өзі біржақты болар еді. Соңғы жылдардағы тенденцияларға бажайлап қарар болсақ, ғылым саласын дамытуға құйылатын қаржының 70%-дан астамы мемлекет бюджетінен емес, ірі өндіріс және технология корпорацияларының тарапынан бөлінген. Әсіресе, Big Tech, фармацевтика, биотехнология саласының қаржысын «тілектестер» толтырған. Демек, ғылымның өзі қатқыл теория сырғасынан шығып кетіп, коммерциялана бастады, тұтастай нарықтанған өнімге айналды.

Заманымыздың озық мәдениеті

Соңғы жылдары ғылым мен қоғамның қарым-қатынасы арасында үлкен трансформация жүрді. Бұрын ғылым-білім «ғалымнан халыққа» бағытталған монолог еді. Қазір «Азаматтық ғылым» ұғымы пайда болды. Қарапайым студенттер, оқушылар мен энтузиастар краудсорсингтік платформалар арқылы климаттық мониторинг жасауға, астрономиялық суреттерді жіктеуге немесе генетикалық

мәліметтерді жинауға араласа бастады. Ғалымдар да қоғамнан оқшауланбай, елмен етене араласуға көшті. Мұны белгілі журналист, кинотанушы Әсия Бағдәулеттің «Біздің өмір сүріп жатқан дәуіріміз – оқырман мәдениеті емес, көріп барып білім алатын визуалды мәдениет дәуірі... Ғылымға ауысудағы негізгі мақсатым – бір тақырыпқа көбірек ден қойып, тереңірек зерттеуге мүмкіндік алу. Екінші жағынан, академияда жүріп БАҚ-пен байланысты үзуге болмайды. Өйткені, ғылым тек ғылыми журналдар үшін емес, қоғам үшін жазылады. Мақаланы БАҚ-қа бейімдеп жазу, халықпен диалог құру – басты міндет. Ғылыми әңгіме тар ортада қалмай, қоғамға бағытталуы керек» деген пікірінен де аңдауға болады.

Ғылым мәдениеті – қоғамның қоршаған орта құбылыстарын ғылыми әдістер мен дәлелдерге сүйене отырып түсінуі, ғылыми жаңалықтарды жедел қабылдауы және ғылымды маңызды әлеуметтік институт ретінде ұғынуы. Қазіргі ғылым – ашық ғылым. Мұны біз Open Science деп жүрміз. Яғни нәтижелер бұрынғыдай жабық журналдар бетінде қалып қоймайды, жалпыхалық игілігіне жұмсалады. Бастапқы кодтар мен шикі деректер arXiv, bioRxiv сияқты базаларда ашық жарияланады, ғалымдарға тегін ұсынылады.

Жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндігі

Бүгінгі жасанды интеллект сұрақ-жауап құралы болу кезеңін арқаға салып, жаңа өң алды, ғылыми зерттеудің толыққанды серіктесіне айналды. ЖИ түрлі гипотезаны тексеру, дереккөздерді сараптау, модельдеу үдерістерін еселеп жылдамдатты. Деректерге негізделген ғылым саласында үлкен дерекқорларды (Big Data) талдау басты мақсатқа айналды. Ал AlphaFold сияқты нейрожелілер биологиядағы 50 жыл бойы шешілмей келген ақуыздардың 3D құрылымын әп-сәтте модельдеп берді. Гендік инженерия (CRISPR), кванттық технологиялар мен автономды жүйелерде биотехнологиялық шекараларды сақтау мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Адамзат тарихында алғаш рет термоядролық реакциядан жұмсалған энергиядан артық таза энергия алынды. Демек, таяу арада сарқылмайтын таза энергия алуға жол ашылады деген сөз. Мұнымен қоса, ғылым сарапшылары сапасыз, асығыс жазылған мақалалардың да қайта сұрыпталып жатқанын айтыпты. Қуанып қалдық. Өйткені, ғалымның беделі мақаланың санында емес, қоғамға тигізген нақты пайдасында емес пе?!

Дастан ҚАСТАЙ.

АЛМАЛЫ АЖАРЛАНА ТҮСТІ

Алмалы ауданы әкімдігі мен Өңірлік коммуникациялар қызметі бірлесіп, аудан аумағында жүзеге асып жатқан абаттандыру жобаларына арналған баспасөз турын өткізді. БАҚ өкілдері Панфилов көшесінің төменгі бөлігі, Чайковский көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағы және жаңартылған тұрғын үйлердің қасбеттерін аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Жаңарған Панфилов

Баспасөз туры Панфилов көшесінің Жібек жолы көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі бөлігінен басталды. Ұзақ жылдар бойы жаңғыртылмаған бұл аумақ бүгінде толық абаттандырылып, қала орталығындағы тартымды қоғамдық кеңістікке айналмақ. Аумағы 1,7 гектар болатын қоғамдық кеңістікті жаңарту жобасы тұрғындардың ұсынысымен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында қолға алынған. Кейін жоба ауданның қосымша қаржыландыруымен қолдау тапқан.

Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин аталған жобаның Алматы-2 теміржол вокзалына апаратын маңызды транзиттік бағыттағы жайлы әрі жарық қоғамдық орта қалыптастыруды көздейтінін жеткізді:

– Бұл жоба, ең алдымен, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Панфилов көшесінің төменгі бөлігі – адам көп жүретін маңызды аумақ. Оны жарық, таза әрі жайлы етуді көздейміз. Тас төсеніштер ғана төселмейді, автоматты суару жүйесі мен қосымша жарықтандыру орнатылып, жол бойында жасыл қорғаныс белдеуін қалыптастырып жатырмыз. Осылайша барлық жерде тұрғындарға бірдей қолайлы орта қалыптастыруымыз керек, – деді аудан әкімі.

Жобада микроклиматты жақсартып, жаяу жүргіншілерді шаңнан қорғау басты назарда ұсталған. 1 гектар аумақ толықтай көгалдандырылады. Оның өзінде бұрыннан бар ағаштар сақталып, құнарлы қара топырақ төселіп, 10 мың шаршы метрге көгал егіледі. Жол бойына табиғи жасыл қорғаныс қалыптастыру үшін 18 мың көпжылдық бұта отырғызылмақ. Өсімдіктердің жақсы жетілуін қамтамасыз ету үшін автоматты және тамшылатып суару жүйесі де орнатылады. Жаяу жүргіншілер жолы орналасқан 0,7 гектар аумақ та толық жаңартылды. Мұнда тозуға төзімді 6325 шаршы метр тас және 750 шаршы метр асфальт төселеді. Сонымен қатар, кешкі қауіпсіздікті күшейту мақсатында 2,1 шақырым кабель желісі тартылып, қазіргі талапқа сай 106 жарықтандыру бағанасы орнатылмақ

Өткел жол жайлы ортаға айналды

Қазір Чайковский көшесінің Қазыбек би мен Әйтеке би аралығындағы бөлігі түбегейлі жаңғыруда. Ұзақ жылдар тек өткел жол ретінде ғана пайдаланылған, аумағы 0,6 гектарды құрайтын бұл жер енді «Халық қатысатын бюджет» бастамасымен тұрғындардың нақты сұранысы бойынша толыққанды демалыс орнына айналуда.

Биыл 8 мамырдан басталған құрылыс жұмыстары аясында 0,4 гектар аумақ көгалдандырылып, жасыл желектер отырғызылады, бұрын болмаған автоматты суару жүйесі де орнатылмақ. Қалған 0,2 гектар жерге жаңа жабын төселеді, сонымен бірге жол үстіне күнқағар шатырлар мен перголар қойылады. 400 метр кабель тартылып, 27 жаңа жарық бағанасы орнатылады.

Жаңарған қоғамдық кеңістікті жергілікті тұрғындар қазірдің өзінде жоғары бағалап отыр. Қазыбек би көшесі, 85-үйдің тұрғыны Жанат Пүлібайқызының айтуынша, абаттандырудан кейін аумақ тұрғындардың демалысы мен серуендеуіне әлдеқайда жайлы бола түскен.

– Біздің аула тұрғындардың сүйікті орыны тіпті көркейіп келеді. Автоматты суару жүйесі орнатылды, ыңғайлы орындықтар қойылды, спорт пен балалар алаңы жаңарды. Айналамыз саябаққа айналғандай әсер қалдырады. Көп рахмет сіздерге! – деді Жанат Ізжанова.

Аудан басшысы сөзінде мұндай өткел жолдарды тек жол ретінде емес, адамдар тынығып демала алатын жайлы қоғамдық кеңістік ретінде дамытудың маңызды екенін жеткізді:

– Біз функционалды қоғамдық кеңістік қалыптастыруға күш салып



жатырмыз. Бұл – өз ауласы мен көшенің таза, жайлы болғанын қалайтын тұрғындардың сұранысына берілген нақты жауап, – дейді Арман Шамшин.

Бірыңғай қалалық дизайн-код

Алмалы ауданында тұрғын үйлердің қасбеті бірыңғай қалалық дизайн-кодқа сәйкес жаңғыруда. Назарбаев даңғылы, 161 және Шевченко көшесі, 51 мекенжайындағы нысандардағы жұмыс аяқталды. Жоба ғимараттың сыртқы келбетін жаңартып қана қоймай, олардың қызмет ету мерзімін де айтарлықтай ұзартады. Аудан әкімі Арман Шамшин бұл бағытта Баку және Еуропаның тарихи қалаларының тәжірибесі – табиғи тасты тиімді пайдалану негізге алынғанын айтты.

Барлығы 60 үйдің қасбетін жаңарту жұмысы тұрғындармен алдын ала келісе отырып жүргізілді. Бұрын қолданылатын сылақ тез тозып, үнемі жөндеуді талап ететіндіктен, бұл жолы ерекше шешім қабылданды. Табиғи әрі берік тас – болашақтағы шығынды азайтып, қасбетті ұзақ жылдар бойы сапалы күйде ұстауға мүмкіндік береді. Наурыз айынан бастап әкімдік барлық тұрғындармен кездесіп, материал түрі мен жобаны бірлесіп бекіткен.

– Екі үйіміз осы бағдарламаға енгізілді. Біз ұсынылған шешімді бірден қолдадық. Қасбеттен тыс, шатырға мұз қатпау мен жаңбыр суын ағызатын жүйелер де орнатылды. Бұл – ең маңызды әрі қымбат мәселе еді, осы үшін қалалық және аудан әкімдігіне алғысымыз шексіз, – дейді «Келешек-51» МИБ төрайымы Елена Красновская.

Жобаны әзірлеу барысында үйлердің салынған уақыты (1959, 1964 жылдар) ескеріліп, іргетасқа артық салмақ түсірмеуге баса назар аударылды. Бірінші қабатқа – тозуға төзімді гранит, жоғары қабаттарға Ақтау кен орнынан алынған жеңіл әктас таңдалды. Жұмыс соңында сәулеттік жарықтандыру да қосылды. Жұмсақ бағытталған шамдар ғимараттың ерекшелігін ашып, терезеге түспей, көшенің қауіпсіздігін арттырады.

– Біз тарихи қасбеттерді сапалы дизайн-кодқа және әлемнің алдыңғы қатарлы қалаларының тәжірибесіне сүйене отырып жаңартып жатырмыз. Негізгі мақсатымыз – қасбетті қайта-қайта сырлай беруден бас тартып, сертификатталған қазақстандық табиғи әрі жеңіл тас материалдарын пайдалану. Қазіргі таңда Назарбаев пен Шевченко көшесіндегі үйлерді қоса алғанда бес тұрғын үйдегі жұмыс толық аяқталды, – деді ауданның әкімі Арман Шамшин.

Баспасөз туры барысында таныстырылған жобалар Алмалы ауданында қоғамдық кеңістіктерді жаңарту, тарихи келбетті сақтау және тұрғындарға жайлы қалалық орта қалыптастыру жұмыстарының жүйелі түрде жалғасып жатқанын көрсетті.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –
Дастан ҚАСТАЙ**

Газет «Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**

ХАС ЖӘНЕ ҚОС ШЕБЕР



Қазақстан Республикасы Ұлт-тық орталық музейінде Қазақстанның Халық суретшісі Сахи Романовтың 100 жылдығына және Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Тұрсын Әбуовтың 90 жылдығына арналған «Қазақ өнерінің қос шебері» атты көрме ашылды.

Іс-шараны Қазақстан Республикасы Ұлттық орталығы музейінің ғалым хатшысы Еркін Маралбекұлы ашып, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді.

«Ұлттық бейнелеу өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қос суретшінің шығармашылығы халқымыздың рухани мұрасынан, төл тарихы мен салт-дәстүрінен терең тамыр тартады. Бұл көрме көрерменге қос шебердің шығармашылық



әлемін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Бұған дейін көпшілік назарына сирек ұсынылған туындылардың көрме төрінен орын алуы да мәдени іс-шараның маңызын арттыра түседі», – делінген құттықтау хатта.

Сахи Романов – балалар үйінде тәрбиеленіп, табандылығы мен талантының арқасында кәсіби білім алған суретші. Қа-

зақ бейнелеу өнеріндегі көрнекті кескіндемеші, график әрі отандық кино өнеріне арналған сахналық эскиздердің авторы.

Тұрсын Әбуов – кескіндеме, мүсін және ландшафтық дизайн салаларында жемісті еңбек етіп, ұлттық өнердің дамуына өзіндік үлесін қосқан тұлға.

Көрмеде қос суретшінің Қазақстан тарихы, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр және

елдің көрнекті тұлғалары тақырыптарына арналған туындылары топтастырылған. Олардың шығармаларында қазақтың сәндік-қолданбалы өнері мен этнографиясына тән көркемдік белгілер ерекше орын алып, әр автордың өзіндік шығармашылық көзқарасы арқылы жаңа сипатқа ие болған.

Көрменің ашылу салтанатына Сахи Романовтың қызы Айжан Сәдуақасова, Тұрсын Әбуовтың жұбайы Гүлия Сандыбаева және өнер қайраткерлері, суретшілер қатысты.

Көрме барысында келушілер қос суретшінің өнер туындыларымен қатар шығармашылық жолын айғақтайтын жеке заттарымен, мұрағаттық материалдармен және қылқалам шеберлері өмір сүрген дәуірдің көркемдік тынысын бейнелейтін бірегей экспонаттармен де танысу мүмкіндігіне ие болды.

Нұржамал ӘЛІШ.



Қарбыз-қауын Күпісті. Қазір сауда нүктелерін жаулап алған да осы бақша өнімдері. Әрине, ағзаға өте пайдалы. Бірақ зиянды жағы да жоқ емес. Егер қарбыз құрамында нитрат мөлшерден тыс көп болса, адам сөзсіз уланады.

ЖАЗДЫҢ ТӘТТІ ДӘМІ

Қауын-қарбыздан уланып қалмаудың жолы қандай?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілдері осы тақырыпты тарқатты. Аталған департамент басшысының орынбасары Әсел Қалықованың айтуынша, жаз басталғалы Алматыда қарбыз бен қауын жеп уланған адам тіркелген жоқ. Зертханадағы тексеріс кезінде де бақша өніміндегі нитраттың рұқсат етілген деңгейден асып кетпегені анықталды. Әдетте жаз мезгілінде тағамнан улану мен жіті ішек инфекциясының қаупі үнемі артады. Себебі, жоғары температурада азық-түліктегі микроорганизмдер, әсіресе, сақтау, тасымалдау мен сату талабы бұзылған кезде тез көбейеді.

«Қалада әзірге тағамнан жаппай уланғандар тіркеле қойған жоқ. Биылғы алғашқы алты айда бактериялық тағамнан уланған 32 адам анықталды, бұл былтырғы уақытпен салыстырғанда, 13,7%-ға аз», – дейді Әсел Қалықова.

Тіркелген 32 адамның 21-і немесе 65,6%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар. Жалпы, сырқаттану көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 1,32 адам болса, балалар арасында осындай 3,69 оқиға тіркеліпті. Азық-түлікті сақтау кезінде температуралық режимнің сақталмауы, дайындау мен сату кезінде санитариялық талаптың бұзылуы, сондай-ақ мерзімі өткен немесе бүлінген өнімді тұтыну, міне, тағамнан уланудың негізгі себебі осылар. Жол бойынан азық-түлік сатып алып, көкөніс, жеміс-жидек пен жидекті дұрыс жумай пайдалану, тазалықты сақтамау да қауіп-қатерді арттырады. Жазда мамандар қарбыз бен қауынның сапасына ерекше көңіл бөледі. Ең алдымен мамандар нитраттың мөлшерін тексереді. Қажет болған жағдайда өнімдегі

пестицид қалдықтары, улы элементтер, микробиологиялық және радиологиялық көрсеткіші де зерттеледі.

Департаменттің аудандық басқармалары Алматы қалалық Ұлттық сараптама орталығы филиалының мамандарымен бірлесіп, базарлар мен бау-бақша өнімдері сатылатын өзге де орындарда профилактикалық акциялар өткізіп жатыр. Мұндай іс-шаралар кезінде сатып алушылар сатып алған қарбызы бен қауындағы нитрат мөлшерін HiLight экспрес-әдісі арқылы тексере алады. Сонымен қатар, толыққанды зертханалық зерттеу үшін өнім үлгілері де алынады. Мамандардың айтуынша, нитрат мөлшерінің жоғары екенін жемістің түсіне, иісіне, дәмі мен сыртқы түріне қарап анықтау мүмкін емес. Тұрмыстық нитрат өлшегіш құралдардың көрсеткіштері де өнімнің қауіпсіздігін ресми түрде дәлелдей алмайды. Себебі, олардың нәтижесі температураға, өлшеу орнына, өлшеу тәсілі мен басқа да жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін.

«Нитраттардың нақты мөлшерін тек аккредиттелген зертханада бекітілген зерттеу әдістері арқылы ғана анықтауға болады. Тұрмыстық құрал мөлшерін нақты анықтай алмайды, сондықтан оны түпкілікті қорытынды ретінде қабылдауға болмайды. Сол себепті, сатып алушылар ең алдымен өнімнің қай жерде сатылып жатқанына, жемістің сыртқы жағдайына, құжаттарының болуына назар аударуы қажет», – дейді Әсел Қалықова.

Тұрғындар қарбыз бен қауынды базардан, дүкен мен басқа да ресми сауда орындарынан сатып алған жөн дейді мамандар. Сатушыларда өнімнің толық дерегі мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар болуға тиіс. Жолдың

бойынан немесе заңсыз сауда орындарынан бақша өнімін сатып алмаған дұрыс. Мұндай өнімдер ілеспе құжаттарсыз сатылып, шаң-тозаң мен автокөліктің зиянды қалдықтарымен ластануы мүмкін. Қарбыз немесе қауын таңдағанда оның бүтін, жарылмаған, езілмеген, шірімеген және бүліну белгілері жоқ екеніне көз жеткізу керек. Кесілген жемісті сатып алу қауіпті, өйткені кесілген жері арқылы микроорганизмдер тез енеді. Қарбыз бен қауынды ағын сумен мұқият жуу қажет. Кесілгеннен кейін жемісті тек тоңазытқышта сақтап, мүмкіндігінше тезірек тұтынған жөн.

«Қарбыздың піскенін тексеру үшін сатушыдан кесіп беруін сұрамаңыз, кесіп қойған жемісті сатып алмаңыз. Күн ыстықта кесілген жердегі микроорганизм өте жылдам көбейеді. Тіпті, сапалы өнімнің өзі дұрыс тасымалданбаса, дұрыс сақталмаса, бөлме температурасында ұзақ уақыт қалдырылса, улануға себеп болуы мүмкін», – деп ескертті Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің тамақтану объектілерін бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Кенжегүл Қонысбаева.

Бау-бақша өнімдерін сатушылар сауда орындарын санитариялық талаптарға сай ұстап сақтау шарттарын сақтап, бүлінген немесе кесілген жемістерді сатпауға тиіс. Департамент өкілдерінің қауын-қарбызды жегенде абай болыңыздар дейтіні, оның құрамындағы нитрат мөлшерден тыс көп болса, ол нитриттерге айналып, қанның оттегін тасымалдау қабілетін төмендетеді. Сондықтан сақ болған жөн.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.